



Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп



ТӘУЕЛСІЗДІККЕ
25 ЖЫЛ

№ 43 (403) 16 - 23 қараша, 2016 жыл

Абай аудандық қоғамдық-саяси апталық газеті
(Аудандық басылым тарихы 1935 жылдан бастау алады)

Бағасы келісімді

Республика жаңалығы

ЕЛБАСЫ СУДЬЯЛАРҒА ҚАЗАҚ БИЛЕРІНІҢ ШЕШЕНДІК СӨЗДЕРІН ОҚУҒА КЕҢЕС БЕРДІ



Астанада өтіп жатқан республика судьяларының VII съезі барысында Президент Нұрсұлтан Назарбаев жиналған судьяларға кезінде даугерлерді бір ауыз сөзбен тоқтатқан қазақ билерінің шешендік сөздерін оқуға кеңес берді, деп хабарлайды Вақ.кз тілшісі.

«Билеріміздің істерін бәріміз білеміз. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің, бер жағында Бұқар жыраудың айтқандарын оқып отырыңыздар. Олар бір ауыз сөзбен екі жақты жақындастырып, дауларды шешті. Сөзге тоқтаған қазақ келісімге келіп, айыппұлын

төледі. Негізіне келетін болсақ, содан бері онша ештеңе өзгерген жоқ. Бастысы – әділдік. «Әділ биде ағайын жоқ» деген сөз бар. Қазақпыз ғой, ағайынсыз, жұрағатсыз, жек-жатсыз болмаймыз. Дегенмен, елді тәртіпке келтіру керек», - деді Мемлекет басшысы.

Елбасы атап өткендей, мемлекет соттарды қолдап, судьяларды қорғау керек, ал олар өз шаруасын жақсылап атқаруы қажет.

Айта кетейік, Астанада республика судьяларының VII съезі өтуде. Маңызды жиынға судьялар корпусы, Парламент депутаттары, орталық мемлекеттік органдардың басшылары, заңгерлер қауымдастығының, халықаралық ұйымдардың, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері мен әлемнің 10-нан астам елінен келген сарапшылар - барлығы 600 делегат қатысып жатыр.

Республика судьяларының съезі 4 жылда бір рет өтеді. Тәуелсіздік жылдары ішінде алты съезд (алғашқысы 1996 жылы) өтті. Маңызды жиын сот жүйесінің дамуы үшін айрықша стратегиялық мәнге ие. Олардың әрбірінде соттар дамуының қорытындысы шығарылып, өзекті мәселелер бойынша шешімдер қабылданады.

Айымгүл ӘБІЛЕВА

БИЫЛ 7 МЛН ТОННА АСТЫҚ, ЭКСПОРТТАДЫ

Қазақстан ағымдағы жылдың басынан бері шамамен 7 млн. тонна астықты экспортқа шығарды. Бұл туралы Қазақстандағы астық нарығының ашықтығын арттыру жөніндегі конференцияда еліміздің Ауыл шаруашылығы вице-министрі Гүлмира Исаева мәлім етті, деп хабарлайды Вақ.кз.

«Ағымдағы жылы біз мол өнім алып, 23,7 млн. тонна астық бастырдық. Өнімділік гектарына 15,4 центнерді құрады. Бұл соңғы жылдардағы рекордтық түсім болып отыр. Өңделгеннен кейінгі таза салмақтағы астықтың өндірілген көлемі 21,7 млн тонна деңгейінде болады деп болжануда», - деді ол. Вице-министрдің атап өтуінше, бұл көлем ішкі сұранысты толықтай қанағаттандырумен қатар, 9 млн тоннаға дейінгі астықты экспортқа шығаруға да мүмкіндік береді, деп хабарлайды ҚР АШМ баспасөз қызметі.

«Осы жылдың басынан бері 10 қарашадағы мәліметтерге сәйкес астыққа балама ұнды қоса алғанда, шамамен 7 млн. тонна астық экспортқа жөнелтілді. Ал бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, шамамен 21 пайызға артық. Жалпы, қазақстандық астық пен ұн экспортқа шығарылатын дәстүрлі нарықтардың қатарында Орта Азия елдері, Ауғанстан, Иран, Әзербайжан мемлекеттері бар. Сонымен бірге біз Солтүстік Африка, Таяу Шығыс, Еуропалық одақ елдері мен Қытайға да астық жеткізу көлемін ұлғайтуға ниеттіміз», - деді Исаева.

Қазақпарат

БАСПАСӨЗ - 2017



Ауданның ақпарат айнасы
«АБАЙ ЕЛІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП
ЖАТЫР!

Жазылу бағасы: жарты жылға - 1000 теңге
1 жылға - 2000 теңге

Сактансан – сактайды

ҚЫС - ҚЫСПАҚҚА АЛАЙЫН ДЕП ТҰР!



Жуырда аудандық әкімдік ғимаратында Абай аймағы бойынша төтенше жағдайлар комиссиясының кезекті отырысы болып өтті. Басқосуға ҚР ІІМ Төтенше жағдайлар комитетінің, азаматтық қорғаныс органдары мен жергілікті атқарушы органдарының 2016-2017 жылдың қыс мезгіліне дайындығы, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою, адам шығынына жол бермеу іс-шараларын орындау туралы нұсқауы арқау болды. Абай ауданы әкімінің орынбасары Б.Тәттібековтың төрағалығымен өткен жиынға ШҚО ТЖД Абай ауданының төтенше жағдайлар бөлімі, аудандық төтенше жағдайлар комиссиясының мүшелері, ауылдық округ әкімдері қатысты.

Отырыс барысында ауа райын болжаушылар мәліметі бойынша биылғы қыс мезгілінің қарлы және суық болатындығы, сондай-ақ, өткен қыстың нәтижелері туралы ақпарат айтылды. Сонымен қатар, Абай аймағының азаматтық қорғаныс органдары мен жергілікті атқарушы органдарының

осы жылдың қыс-көктем мезгіліне әзірлігі, төтенше жағдайлардың алдын алу, жан шығынына жол бермеу іс-шараларын орындау, аудандағы негізгі стратегиялық нысандардың қысқы мезгілге дайындығы жайында да сөз қозғалды.

Мұнымен қатар, қысқы қармен күрес, көктемгі су тасқынының алдын алу шаралары, қатаң маусымда облыстық және елді мекендерге апаратын автокөлік жолдарын қалпында ұстау және қысылтаң жағдайда халыққа көмек көрсету, арнайы техникалардың дайындығы, сыртқы өрт сөндіру, су жүйесін жарамды жағдайда ұстау, құлақтандыру жүйесінің дайындығы туралы да мәселелер қаралды.

Отырыстың нәтижесі бойынша, аудан әкімінің орынбасары Бауыржан Тәттібеков барлық комиссия мүшелеріне, ауыл әкімдеріне осы басқосудың маңыздылығы туралы айтып өтіп, қысқы-көктемгі мезгілдердегі іс-шараларды нақты орындау, халық пен мүлктің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ауа-райының өзгерген кезінде дереу хабарлау туралы тың тапсырмалар берді.

Сонымен қатар, Абай ауданының ТЖБ қызметкерлері қысқы кезеңдегі қауіпсіздік шараларын сақтау және боран, қарлы жел, аяз болған уақыттарда, түнгі мезгілде жолға, мал іздеуге шықпау туралы ақпараттандырды. Аталған мәселе жергілікті ауылдық округ әкімдерінің, құқық қорғау органдары қызметкерлерінің назарында тұруы тиіс.

Бұл міндеттемелердің нақты орындалу ба-рысы алдағы уақыттарда қатаң қадағалауда болады.

«Абай елі» ақпараты

Қыстама

БЕСҚАРАҒАЙДАН МАЛ АЗЫҒЫ КЕЛЕ ЖАТЫР



Биылғы қыс қаһары өзін танытып үлгерді. Күз айларының өзінде бораған қар мен соңғы аптада тұралаған шынылтыр аяз қыс айларының ұзақ болатындығын бір белгісі. Сондықтан қолға қараған төрт-түлік азығын тиянақты дайындау әр шаруа қожалықтың, әр тұрғынның басты міндеті. Осы орайда Абай ауданы әкімдігінің бастамасымен Бесқарағай ауданының қолдауымен өлкемізге шөп тасымалы ұйымдастырылатынын хабарлаймыз. Шөп түгінің бағасы – 500 теңге

Байланыс телефоны: 9-17-40

НӨМІРДІҢ
АНДАТПАСЫ

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ
ҚАЖЫРЛЫЛЫҚ ҚАЖЕСІ

4 - бет



БАЛЫР АУЫЛЫНЫҢ БУТҚА

5-бет



ШАҚІР КҮЙЛЕРІ - ЖИҚАҚПЛА

8 - бет



Абай аудандық мәслихатының 2016 жылғы 18 қазандағы № 6/6-VI шешімі Шығыс Қазақстан облыстық Әділет департаментінде нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2016 жылы 3 қарашада № 4729 болып енгізілді Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу туралы

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңының 16-бабы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 11-бабы 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Абай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындары оқу жылы ішінде төрт айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтелсін.

2. Келесі тәртіп айқындалсын:

1) оқытуға жұмсаған шығындарды өндіріп алуды уәкілетті орган «Абай ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-сі жүргізеді;

2) үйде оқытылатын мүгедектер қатарындағы кемтар балаларға шығындарды өтеу (толық мемлекет қарауындағы мүгедек балалардан басқа) ата-анасының біреуіне немесе мүгедек балалардың заңды өкілдеріне отбасының табысына қарамастан беріледі;

3) мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу үшін қажетті құжаттардың тізбесі «Әлеуметтік-енбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығымен бекітілген «Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9 тармағына сәйкес ұсынылады (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 11342 тіркелді);

4) оқытуға жұмсаған шығындарды өндіріп алу психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңесінің қорытындысында көрсетілгенде, кемтар баланы үйде оқытудың қажеттілігі танылған сәтте, өтініш берген айдан бастап тағайындалады;

5) шығындарды тоқтатуға әкеп соққан жағдайлар бар болғанда (мүгедек балалардың он сегіз жасқа толуы, мүгедек баланың қайтыс болуы, мүгедектікті алып тастау, мүгедек баланың мемлекеттік мекемелерде оқып жатқан кезеңінде) төлемдер туындаған жағдайларға сәйкес кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А. МУҚАТАЕВ,
Сессия төрағасы
Е. ЛДИБАЕВ

Абай аудандық мәслихатының хатшысы

АУДАНДЫҚ КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫ ЕСЕП БЕРДІ

Қараша айының 3 күні аудандық жастар үйінде Абай аудандық кәсіпкерлер палатасының есеп беру жиналысы болып өтті. Басқосуды ауданда жаңадан құрылған кәсіпкерлер кеңесінің төрағасы Белібаев Ардақ Сағадияұлы жүргізіп отырды. Есеп беруге аудан әкімінің орынбасары Б.Б.Тәттібеков және де кәсіпкерлікке қатысы бар мекеме басшылары жиналды. ШҚО Абай аудандық кәсіпкерлер палатасының директоры Нұрғазы Жүнісжановтың баяндамасынан кейін аудан кәсіпкерлері өздерін толғандырып жүрген сұрақтары мен сауалдарын қойды. Асыл тұқымды қой шаруашылығы бойынша құрылған палатаның филиалының өз облысымызда ашылуы, есептік бақылау машинасының қосылу мерзімі, жерді жалға берудегі өзгерістер және субсидия туралы қойылған сұрақтарына тиісті мекеме басшылары толықтай жауап берді. Кездесу соңында аудандық кәсіпкерлер палатасының жұмысына қанағаттандырарлық деген баға берілді.

«Абай елі» ақпараты

Мемлекеттік қызмет көрсету

АРХИВ АНЫҚТАМАСЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 16 санды бұйрығы және Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 29 наурыздағы № 83 санды қаулысы бойынша «Архив анықтамаларын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты және регламентіне сәйкес «Абай ауданының мемлекеттік архиві» КММ ең негізгі басты атқаратын қызметі халыққа жаппай қызмет көрсету, мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелерге, Қазақстан Республикасының және шет елде тұратын азаматтардың архивте сақталған құжаттар негізінде әлеуметтік-құқықтық сұраныстарды орындайды және құжаттардың көшірмелері мен архив анықтамаларын береді.

Қазіргі таңда халыққа қызмет көрсету жұмысы жоғары деңгейде қойылған. Әлеуметтік сұраныстар түрлі бағыттарда келеді. Мысалы: еңбек өтілің, еңбек ақысын растау, полигон аймағында тұрғандарын растау туралы т.б, сұраныстар келіп түседі. Егер сұраныс берген адамның жұмыс жасаған мекемелерінің құжаттары тұрақты сақтауға келіп түскен болса, онда ол адам толық мәліметті архив анықтамасын ала алады.

Атап өткендей, мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға әлеуметтік-құқықтық сипаттағы мәселелер архивтік құжаттар негізінде көрсетіледі. Кей жағдайларда сұраныс беретін азаматтар толық құжат тапсырмайды, мұндай толық емес құжаттар архив қызметкерлеріне архив анықтамасын орындауға үлкен қиындықтар туғызып, ұзақ уақыт іздестіруге тура келеді. Сондықтан әр азамат архивке келгенде құжаттарын түгендеп, жеке куәліктерінің, еңбек кітапшаларының көшірмелерін дұрыс жасап, өтініш бланкасын дұрыс толтырып тапсыруы керек.

Нұртас ҚҰРМАНҒАЛИЕВ,
Абай ауданының мемлекеттік
архивінің архившісі

Решение Абайского районного маслихата от 18 октября 2016 года

№ 6/6-VI зарегистрирован в Департаменте юстиции Восточно Казахстанской области в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 4729 от 3 ноября 2016 года

О возмещении затрат на обучение

на дому детей с ограниченными

возможностями из числа инвалидов

по индивидуальному учебному плану

В соответствии с подпунктом 4) статьи 16 Закона Республики Казахстан от 11 июля 2002 года «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями», пунктом 1 статьи 11 Закона Республики Казахстан от 13 апреля 2005 года «О социальной защите инвалидов в Республике Казахстан», подпунктом 15) пункта 1 статьи 6 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», Абайский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Возместить затраты на обучение на дому детей с ограниченными возможностями из числа инвалидов по индивидуальному учебному плану в размере четырех месячных расчетных показателей в течение учебного года.

2. Определить следующий порядок:

1) возмещение затрат на обучение производится уполномоченным органом ГУ «Отдел занятости и социальных программ Абайского района»;

2) возмещение затрат на детей с ограниченными возможностями из числа инвалидов (кроме детей-инвалидов, находящихся на полном государственном обеспечении) предоставляется одному из родителей или законному представителю детей-инвалидов, обучающихся на дому независимо от дохода семьи;

3) перечень документов, необходимых для возмещения затрат на обучение на дому детей с ограниченными возможностями из числа инвалидов по индивидуальному учебному плану предоставляется согласно пункта 9 стандарта государственной услуги «Возмещение затрат на обучение на дому детей инвалидов» утвержденного приказом Министра здравоохранения и социального развития Республики Казахстан от 28 апреля 2015 года № 279 «Об утверждении стандартов государственных услуг в социально трудовой сфере»

(зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 11342);

4) возмещение затрат на обучение назначается с месяца обращения, при признании необходимости обучения ребенка с ограниченными возможностями на дому указанного в заключении психолого-медико-педагогической консультации;

5) при наступлении обстоятельств повлекших прекращение возмещения затрат (достижение ребенком-инвалидом восемнадцати лет, смерть ребенка-инвалида, снятие инвалидности, в период обучения ребенка-инвалида в государственных учреждениях) выплата прекращается со следующего месяца в связи соответствующим обстоятельством.

3. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

А. МУКАТАЕВ
Председатель сессии
Е. Лдибаев

Секретарь Абайского районного маслихата

АЛИМЕНТ ҚАРЫЗ ЕМЕС-ПАРЫЗ!

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың "Қазақстан-2050 стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты" атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Елбасы құқық қорғау органдарына ана мен баланың құқығын қорғауға бағытталған шараларды пәрменді жүргізу міндетін жүктегені белгілі.

Осы орайда, Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасының "Алимент төлемге қарсы 30 қадам" атты жобасын іске асыру туралы жоспары бекітілген.

Елбасының тапсырмасын орындау жолында мемлекеттік сот орындаушылары алимент төлеуден жалтарған борышкерлердің жауаптылығын арттырып, оларды анықтау жолында қанша жұмыстар атқарылып жүрсе де, бұл мәселе қазіргі кезде қоғамның "дөртіне" айналып отыр.

Яғни, бұл бағыттағы атқарылған қыруар жұмыстарға қарамастан бауыр еті-балаларына жаны ашымайтын безбұйрек әкелердің жауапсыз әрекеті салдарынан қаншама баланың құқығы қорғалмай, отырғандығы анық. Осы күрделі мәселенің күрмеуін шешу мақсатында Абай аудандық прокуратурасы бұл мәселені күн тәртібінен үнемі түсірмей, іс-әрекеттер мен түрлі ша-

ралар атқару арқылы кәмілетке толмаған жасөспірімдердің құқығын қорғауды пәрменді түрде жүргізуде.

Алимент төлеуден жалтарған азаматтар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 669-бабымен "Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау" бойынша әкімшілік жауапкершіліктер көзделгенін (2016 жылы 6 борышкер әкімшілік жауапқа тартылған), сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 139-бабы "Балаларын күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеу жөніндегі міндеттерді орындамау, еңбекке қабілетсіз ата-аналар, еңбекке қабілетсіз жұбайын (зайыбын) күтіп-бағуға арналған қаражатты төлеуден жалтару" және Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 430-бабы "Сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін не атқарушылық құжатты орындамау" бойынша қылмыстық жауапкершілікке таратылатынын ескертеміз.

М.У. АБДРАИМОВ,
Абай ауданы прокуратурасының
прокуроры

БЖЗҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ
ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

13000-НАН АСТАМ САЛЫМШЫ БЖЗҚ-НЫҢ «МОБИЛЬДІК КЕҢСЕ» ҚЫЗМЕТІН ПАЙДАЛАНДЫ

БЖЗҚ әрбір салымшының қамын ойлап, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға және ақпарат берудің қосымша ынғайлы жолдарын жасауға күш салуда. БЖЗҚ-ның салымшылармен қарым-қатынас орнату тәсілдерінің бірі – салымшыларға (алушыларға) барып қызмет көрсететін «Мобильдік кеңсе». Жобаның негізгі мақсаты – халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын қолдау, мүгедек адамдарға ақпараттық-кеңес бере отырып, көмек көрсету, сондай-ақ салымшыларға (алушыларға) зейнетақы қызметтерін БЖЗҚ кеңселерінен тыс жерлерде де барынша сапалы көрсету. Басқа сөзбен айтқанда, қандай да бір себептермен, әсіресе, денсаулығына байланысты БЖЗҚ кеңсесіне келе алмайтын адамдарға Қор мамандары өздері барып қызмет көрсетеді. «Мобильдік кеңсе» аясында барлық өңірде БЖЗҚ-ның өздері барып қызмет көрсететін мамандарының командалары құрылды.

БЖЗҚ қызметкерлері салымшымен (алушымен) келісе отырып, оған ынғайлы уақыт пен кеңес беретін орынды белгілейді, мүмкіндігі шектеулі адамдарға Қордың деректер базасына енгізіп, тиісті қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар топтамасын жинауға және оларды Қорға жеткізуге көмектеседі.

2016 жылғы қаңтар айынан қазан айына дейінгі аралықта Қор қызметкерлері төлемдер алуға құқылы, бірақ Қорға келіп өтініш жасамаған I және II топтағы мүгедек (мүгедектігі мерзімсіз белгіленген) 13 192 алушымен байланыскашықты. Бұл тізімнің ішінен төлемдерді 10 788 адам алып үлгерді. Бұған қоса, зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттардағы салымшылар деректемелерін өзгерту, шарттардың төлнұсқаларын беру, хабарлау тәсілін өзгерту секілді қосымша қызметтер де көрсетілді. Жасалған операциялардың жалпы саны 38 374-ке жетті.

АЛТЫ АЛАШТЫҢ АБЫЗ АҚЫНЫ

Шәкір ақсақал: «75 жасқа толғанда Абай жөнінде екі рет поэма жаздым, алайда ұлы адамның бейнесін анық көрсету үшін, оңтінде сол адамға сәл де болса ұқсастық болу керек екен. Мұны кейіннен білдім. Ондай қасиет менде болмағандықтан, Абай бейнесін анық көрсете алмағандықтан жазғаным нештің төрінен орын алды. Енді аз болса да, Абайдың айтқандарын, баласы Тұрағұлдың аузынан естігенімді қағазға түсірмекіші болдым» - деп біршама өлең шумақтарын жазған еді. Мен, атамның інісінің ұрпағы болғандықтан (Әбен қазының туған інісі Еңсеханның немересімін) атамның онегелі үлесін, жиындарда айтқан кестелі сөз, өрнекті ой толғауларын, түйінді тұжырымдарын, халқымыздың таңғаларлық қасиеттерін, табиғи құбылыстарды таңудағы ерекшелігін, әлем сырын білудегі ойшылдығын, бабамның даналығын қағаз бетіне түсіріп жеткізуде мүлде қаражасая екемім.

Осыған орай, жетпіс жастың орта белінен асқан шақта атамнан көрген-естігенімді, ел ортасында сөзге тоқтап, оны құрметтеп, өзі де бірәулетті сөзге тоқтатқан сәттерін әсірлемей оқырман қауымға қаз-қалпында жеткізуді жөн санадым.

Атамның еңбек жолына баға беруге бойым да, ойым да, жетпейді, тек өзім куә болған жайттарды кейінгі буынға жеткізуді жөн санадым.

Жарықтық Шәкір атам: (мені мырза дейтін). - Әй, мырза! Мен көрде жатсам да тыныш жатпаймын, мазанды аламын», - деуші еді. Мұнысы рас болды. 1994 жылы күзде дүние салды. Осы уақытқа дейін күндіз ойымнан, түнде түсімнен шықпайтын болды. Талай-талай, мүлде ойға сыймайтын жайлар жөнінде айтқандары дәл келгенін жақсы білемін. Сан жылдар өтсе де, атамның айтқандары еске оралуын тоқтатпады.


Бірде мен: - Ата, мені неге мырза дейсіз? - дегеніме. Алған жауабым: - Біралай уақыт өткен соң, сұрағына жауапты өзін табасың. Мырзалығың жара боп белгі береді. Мырзалығыңды сөкпе және оған өкпелеме. Өткенге өкпелеп, өкініш ертоқымын аркалама. Бұл табиғи жай. Тағдыр дауылы қалай соқса да, тепсе де, бұған жерге қонбайтын қырандай тура қарап, кірпік қакпай, талмай, төзімділік көрсетуімен бағаланады, талсан-таусылғанын. Маңайындағы адамдар сөзіне күмән-күдіксіз сенетін болсын. Ол үшін өмірде өтірік айтпа, - деген өсиеті әлі ойымда.

Бірде кітапханада отырғанда, біреу жанымға кеп тоқтады. Бұрын көрмегенмін. Мүлде таныс емес. Жас мөлшері 70 жастың шамасында көрінді. Аман-саулықты айтқасқаннан соң: - Ал, бауырым, сені сырттай білемін. Келген шаруам, орынсыз бір адамға өкпелегенімді айтпақшымын. Сен Әбен Шәкірдің немере інісі емессің бе?, - деді.

Мен: - Иә, - дедім.

Ағаның айтқаны: - 1947 жыл еді. Ол кезде мен комсомолмын. Бастығым шақырып алып: «бүгіннен бастап саған тапсырма, обкомның бірінші хатшысында халық ақыны Шәкір Әбенов отыр. Таяу арада қалаға орталық комитеттің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметов келеді. Сол кісінің келу сапарына байланысты қалада жиын болады. Осы жиында Шәкір ән айтып, сөз сөйлейді. Жанында боласың. Елдің айтуына қарағанда өте шатақ шал. Соны байқарсын. Кез-келген уақытта менімен байланысып тұр» деді. Алғаш рет атанды көрдім. Қолында таяғы бар, ақсайды екен. Қонақ үйге орналас-тырдым. «Шатақ шал» - дегенді естігеннен соң үнемі жанында болдым. Бұл менің есте қаларлықтай ерекше күндерім болды. Бірақ, жұмыстан босап қала жаздағанымды айтайын. Ұлтына қарамай, танымайтын адамы жоқ. Кездескен адамның атанның әңгімесіне күлмей кеткені жоқ. Жатқан үйіне бірдеме жазма деп, қаламсап, қарындаш, қағаз өкеп бердім. Бұлар орнынан қозғалған жоқ. Күткен күн де келді. Атаң сақал-мұртын алып, көркімен киініп, паркке келдік. Қонақ үйден шығарда бастығым «бәрі ойдағыдай» деп хабар бердім. Шеттеуі бір жерге отырып, сәлден соң маған: - Сен 15-20 минуттай осы маңда жүре тұр. Мен домбырамен айтатынымды мақамына келтіріп, ыңылдап жаттығу жасап алайын, - дегені. Мен алыстамай сырт жүрсем де, үнемі атаңа қарап жүрдім. Домбырасын қолына алып отырды. Біраздан соң қасына келсем, ұйықтап отырғандай көрінді. «Ата» деп ығына қолымды салсам - мас. «Мұныңыз не?» - дегеніме. «Шөндеп кеттім» - деген жауап алдым. Не болғанымыз, не боларымды білмей, үкідей ұшып бастыққа келдім. Бастық менің айтқанымды аяғына дейін тындамай, өзінен жоғары бастыққа кетті. Жоғары-төмен жүгірген адамдардың аяғының сартылдағаны төбемнен ұрғандай болды. Бәріне кінәлі боп мән қалдым. Сондағы атаңа деген өкпем теңіз толқынындай болып еді. Ал, қарағым, Көлембай! Үлкен басшының алдында айтпаймын - деп қалай айтсын - атаң. Алдында 58-статьямен сотталған. Айтпаудың амалын тапқаны емес пе?, - дей келе сөзін жалғастырды. Бұдан соң атаңмен 1958 жылы жолықтым. Өзімді таныстырғанда: «Мандайыңды әкеліші» деп, маңдайымнан сүйді. Саған обал жасадым. Бұл менің адам баласына жасаған алғашқы қиянатым. Басқадай екінші бір вариантты да ойластырған болатыным. Оған бөгет жасаған ағашқа байланған ақ шүберек пен бөтелке «мен мұндамын» деп тұрып алды емес пе? - дегені. Атаңның бұл әрекеті жоспарлы түрде, күн ілгері жасалған шара: үлкен батылдықпен, жалаң аяқ шоқ басып, басына шоқпар тиетінін білсе де, осыған барғаны теңдесі жоқ ерлік. Жас әйел, бір жастан аспаған жас бала, өзінің денсаулығы болмаса да, жанұясын да құрбандыққа байлағаны ғой, - деді. Ал, бауырым осыны өзіне айту міндетім деп санадым, - деп сөзін аяқтады ағамыз. Мұны айтқан КГБ полковнигі Исаев Қазыхан.

Осы айтылғанды көп жылдар аудан бойынша комсомол комитетінің бірінші хатшысы, ұзақ жыл аудандық атқару комитетінің төрағасы, райкомның бірінші хатшысы болған, үш мәртебелі Еңбек Қызыл Ту орденінің кавалері Рымқан Ғабдуллин аға тебіреніп былай еске алған еді: - Соғыстан аман-есен келген соң айналдырған екі жылдың ішінде есімі елге қайтадан кеңінен тарап кетті. Ұлы Абайдың



100 жылдық тойында бүкіл КСРО мен басқа мемлекеттен шақырылған қонақтардың алдында бас жүлдені жеңіп алды. Атасы Жамбылды жоқтағанын маған былай айтты: «Дәм тартып Алматыға бардым да бір шаруам боп М.Әуезовке жолықтым. Мені көргенде қуана қарсы алды. Жаңа ғана хабар келді. Жамбыл емханада дүниеден озыпты. Жамбылды жоқтап 100 шумақ өлең жазып бересің бе? - деген соң - жазамын, маған жеке бір бөлме, екі машинка, екі қыз бер. Аздаған ақша бер, - депті. Ертеңінде жоқтау дайын болды, дегеннен кейін Мұхтар қуанғанынан екі машинканы өзін ал, жазғандарыңды машинкаға бастырып отыр, - деген тапсырма берді. (Осы екі машинканың бірі атамның музейінде, бірі Сапар Байжановтың үйінде). Сол жоқтауды бірнеше рет айтқанын естідім. Жамбылды Сүйінбайдың шәкірті, теңдесі жоқ біртуар төкпе айтыс ақыны деуші еді.

Атанның алуынды, ұятты өлеңдерімен сол кездегі шалақ белсенділердің оғаш қылықтарын тосыннан айтып тастайтын әдеті болғанды. Кездескен жандардың бәрі, «ал бірдеңе айтып жіберші» деп қадалып тұрып алатын. «Жақсының артынан сөз ереді»-демей ме. Біраз уақыт өткен соң ел ішінде Шәкір Жамбыл қайтыс болғанда былай депті деген қаңқу сөз де шықты.

Шәкір атамыз: - 1947 жылы Семей қаласына Орталық Комитеттің бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметовтің келуі маған пәле боп жабысты. Қалаға шақырып жатыр деген соң көп ойланбастан бардым. Артынан ағаттық жасап алғанымды білдім. Ақымақтың ақылы таяқ тигеннен кейін келмей ме? Бұл асқан шеберлікпен жасалған жоспар екенін түрмеге келген соң біле басталды, - деп еді. Ол кезде мен аудандық комсомол комитетінің хатшысымын. ЦК-бірінші хатшысының келуіне байланысты жасалған жоспар қолға түсті. Атанның ән айтатынын жоспар ішінен көрдім. Дайындық шаруасымен қалаға келіп қалғанда күтпеген жерден атаңа жолығып, не шаруамен жүргенін білдім. Жекелеу сәтті пайдаланып қап, шымшып жіберіп, былай деді: «Жұмабай келгенде міндетті түрде Базарбаев Жұмакүлбайды ала кел. Маған жекелеу жерде жолықсын, - дегені. (Бұл әңгімені айтып отырған Рымқанның өмір серігінің әкесі Мұхтар (Құндыздыда тұрған) және Базарбайұлы Жұмакүлбай үшеуі замандас дос-тар. Сыйластықтары еш уақытта шетінемеген.

Содан әзірлік аяқталған кезде Шәкірді іздеп таба алмадым. Концерттік бағдарлама өткенде де көрінбеді. Қобалжыдым. Жұмакүлбайдан қайда ана досың? - деп екі рет сұрадым. «Көргем жоқ» - дегені. (Бұнысы мүлде өтірік, кездескенін менен жасырып, ағаш басына ақтықты байлаған Жұмакүлбай. Бұны 8 жыл отырып келген соң өзі айтты. Жұмакүлбай маған да сенбепті ғой). Кездесу аяқталып, жолға шығуға дайындық бастағалы жатқанда үйге Шәкірдің орнына өлең айтқан ақын келді. Бастығым «күтіп жібер» деп өзі кетіп қалды. Тамақ ішіп отырғанда асаба болып кеткен Жұмакүлбай Базарбаев ақынға: «Бағанағы айтқаныңды айтшы» деп домбыра ұсынды. Сыйға алған шапанының етегін көтеріп қойып айтып жатқанда ақынның орнынан атып тұрғаны. Мойнымызды созып қарасам, қазақ үйдің есігін ашып тұрған Шәкір екен. Атып тұрып төрге отырғыздым. Ән айтып отырған ақын Шәкірмен құшақтасып, амандасқан соң шапанын Шәкірге жапты.

Шәкір: - Үлкен рахмет! Сен болмай қалсаң жағдай мүлдем басқадай болар еді, - деп, шапанын қайтарып берді. - Ағаның алдында мен ән айта алмаймын, - деп домбыраны Жүкене берді. Біраздан соң Жүкен:

-Ей, пері! Менің балам соғыстан шалақ қол боп, сен ақсақ боп аман-есен келдіңдер. Бүгін көрінбей едің, бүкіл жұрт сұрап жатты, атак-абыройын ешкімнен кем емес. Халқын сенің үніңді сағынды. Қықақтамай елдің жүрегінен қоныс тапқан тұманды сейілт, мен де сенің үніңді естийн, 250 шақырым жерден атпен келдім» - дей келе домбыраны атанның қолына берді. Ал атаң жан-жағына бір қарап алып соқтау келіп:

Ал, Көлембай! Осы әңгімеден мынаған назар салшы. Құрдасы Жұмакүлбайдың баласы соғыстан аман-есен келіп, қазір бірнеше немере сүйіп отыр. Екінші досы Мұхтардың қызы менің әйелім - ол да солай. Ал Шәкір жараланып келіп өзіне үй салды, басшылар жауапты жұмыс бермеді. Молдалықты пышақ кескендей тоқтатты. Кезекші малшы боп жүрді. Сонда да тыныш жүрмеді, - деп Рымқан аға әңгімесін

аяқтады.

Ал атамның «Жұмабаймен кездесуімнің арты трагедия болады» дегені анық келді.

1948 жылдың жазы болатын. Бірге туған Қорғанбай ағайым, көрші ауылдағы қандас туыс, өте жиі араласып тұратын, адамгершілігі мол Торғай деген ақсақалдың баласы Есен үшеуіміз асық ойнап жүргенде аудан жақтан ақырын жылжып келе жатқан екі атты және түйеге мінген адамдар көрінді. Біраздан соң бұл жолаушылар біздің қораның жанына тоқтағанда түйеден түсіп жатқан Шәкір атаны бірден таныдым. Өткен жылы шешем дүниеден қайтқанда ат-арбамен келген болатын, жанында жұбайы Серікбүбі және кішкентай қызы Дауа бар. Олардан басқа өте сәнді киінген, мойындарына асынған мылтығы бар екі адам милиция екен. Жүгіріп келе жатып, жақындағанда мен тоқтап қалдым. Әкемнің інісі Райхан дауысын шығарып жылап Шәкірді құшақтады. Бір сәттен соң атамның жанына келгенімде басымнан сипап, маңдайымнан иіскеді. Екі атты, түйені Райхан әкем өзен жағасына тұсап, Дауаны ойнатып жүргенімді көріп, «Үй жақта ойнандар»-деген үні маған салмақтылау әсер берді.

Үй жаққа келсем ағайым Қорғанбайдың қорадан алыс емес әке-шешем, екі апайымның мәңгілік қонысының жанында отырғанын көрдім. Көңілсіздігін байқап не боп қалды?- дегеніме: - Шәкір ағаны аналар абақтыға апара жатыр, - деді.

Уақыт өткен сайын, жан-жақтағы ауылдардан аттылы, жаяулы, арбамен жиналған адамдардың саны көбейіп, үйде отыратын орын болмаған соң далада болды. Ат, түйені қораға әкеп, ерттеп жолға шығу әрекеті басталғанда Елеукең шешей үйден шығып келе жатқан Шәкірді құшақтап, дауыс салып жылады, мұны көпшілік қолдап, қолдарына орамал, шүберектерін алып көз жастарын сүртіп, үнсіздік, ауыр жай пайда болды. Екі милиция мылтықтарын асынып жекелеу жерде ат үстінде тұрғанына осы күнге дейін таңғаламын.

Түйеге атам, шешей, бауырым Дауа мінді. Түйе тұрғысы келмегендей болды ма, милицияның бірі қамшымен ұрып жібергенде бакырып өзер тұра бастағанда бүкіл жиналғандардың шулап жылаған дауысы, аман-есен елге кел деген аянышты сөздер естілді. Қорғанбай ағайымның ботадай боздап тұрғанын байқап қап, бір жамандықты болжадым ба, анық білмеймін мен де жылауға қосылдым. Жаңа Арна өзенінің суы жайылған мезгіл, жаппақтығы 150-200 м, елдің бәрі екі атты, түйенің соңынан еріп өзеннің екінші жағына шыққан бетте, атам түйенің басын бұрып, елмен қоштасып жатқанда Райхан әкеме атамның мына айтқанын анық естідім. «Оралмай қалсам Дауаға көз қырыңды сал» - деді.

Әкем түйе үстіндегі Шәкір атаның аяғын құшақтап, түйені жібермей тұрғанда, атты милицияның бірі түйені ұрып қалды. Көпке дейін шығарып салушылар қарап тұрды. Ұлан жасында көргенін ұмытпайды деген бар. Бұл сәт күні бүгінге дейін көз алдымда. Дүйсекин Төкеннің шешесі қолымнан жетектеп әкеліп, үйінен айран беріп, «көп жылама, жаман болады» дегені есімде. Бұл көріністі жыламаған тек Дауа болды. Үлкен көздерімен барлық адамдарға жалтатқай қарауы есте қалды. Осы көріністен соң ағайым Қорғанбаймен балалар үйіне кеттік. Тура араға 10 жыл салып 1958 жылы Аякөзден Жүрекадырға жаяу келіп, атам Шәкірмен жүздестім.

Бірде атамды замандасы Қашаф Тұрғанбаевпен Қоныр әулиеге апардым. Институтты бітіріп жандан қызмет бастаған жерім еді. Сондағы айтылған әңгіме естен кетпейді.

Шәкір атам өткен күндерінен бір естелік айтып берді: - Бірде Алматыда жүріп бір шаруамен Мұхтардың үйіне бардым. Таңертеңгі шайда Мұхтар: «Сенің шаруаң бұл жолы бітпейді. Бүгін Сәбиттің «Сұлушаш» деген поэмасы оқылады. Соған барамын. Ертең Москваға ұшамын. Қашан қайтатыным белгісіз. Маған байланысты шаруанды Москвадан келген соң қолға аламын. Басқа шаруаларың болса, бітір де еліңе қайт. Хабарын беремін» деді. Үйден бірге шықтық. Жиынға мен де қатыссам дегеніме «Қатыс, бірақ еш нәрсе айтпа!» деді. Содан жиын басталды. Түске шейін поэма оқылды, түстен кейін талқылау өтті. Жарыссөзге шыққандар ешқандай сын айтпай бірінен соң бірі мақтап жатты. Он шақты адам мақтағаннан соң қолымды көтеріп, трибунаға шығып, былай дедім. Бағана поэмада қазақтың бас киімі былай суреттелді, оны былай жазса қайтеді деп орныма кеп отырғанда Мұхтарға көзім түскенде бірден байқадым, келісімді бұзғанымды ұнатпады. Жиын біткен соң жекелеу жерде жолығып қалғанда Мұхтар «Тақияда не бар еді?» дегені. Әңгіме жалғасын тауып жатты.

Шәкір атамыз осы отырыста: - Қашаф, сен мынаған сенесің бе? Менде Құнанбай бейнесі салынған алтын теңге болды. Ашаршылық жылы сатып жібергеніме күні бүгінге дейін өкінемін, - деді күрсініп.

Ал Қашаф: - Неге сенбеймін. Меккеде үй салдырғаннан қиын емес, - деп жауап қайырды.

Ол күндер бүгінде естелікке айналды.

Міне, еліміздің Тәуелсіздік алғанына таяуда ширек ғасыр болады. Осынау аралықта Шәкірдің ұлтымыздың әдеби мұраларын насихаттаудағы еңбектерін жоғары бағалар уақыт жетті. Ә.Нұршайықов айтқандай, «Дулат Бабатайұлының шығармалары тарих бетінен жоғалып кетер еді, Шәкір болмаса». Атамыз Дулаттың шығармаларын жатқа білгендіктен Ғылым академиясына жазып тапсырған екен. Ал Д.Қонаевпен нағашылы-жисн болып, туыстық қатынастарын жақсы сактай білді. Ол жөнінде мен өте жақсы білемін. Осылай бола тұрса да, партия жөнінде жылы сөз айтпады ғой, жарықтық. Партияның құритынын тарамай тұрғанда-ақ, отыз жыл бұрын айтты.

Шәкірдің дүниеден озғанына күзде жиырма екі жыл болды. Қорыта келе айтарым, Шәкірдің әр сөзі жебе төріздес, қадалып таңба қалдырады. Бірде абыз ақсақалдан: «Ата, тұңғыш Президентімізге бата беру құрмет сізге қалай түсті?» деп сұрадым. Сонда атамыз: - Еліміздің Тәуелсіздігі жолында қолдан келгенше үлесімді қостым. Ұзақ жыл бейнет көрдім. Пейіліме қарай Алланың маған берген сыйы болар. Нұрсұлтан Әбішұлы менен емес, Абай туған топырақтан бата алғысы келген шығар, - деп жауап қайырды. Ол жүгіртсек, бұл сөзін астарында үлкен мән жатыр деп білемін.

Көлембай ӘЛІМБЕКОВ
Шәкір Әбеновтің інісі

Аңдатпа

25 жылға жұлдызды күн

21 ҚАРАША «ҚР КОНСТИТУЦИЯСЫ»

«Тәуелсіз туғырындағы – Мәңгілік Ел»

Ұйымдастырушы: Архат ауылдық округі

«Елі сенген, елін сүйген Елбасы»
слайд, көрме, ертегіліктер ұйымдастыру
Ұйымдастырушы: Құндызды ауылдық округі

«Мәңгілік ел-біздің күш қуатымыз»
«Әкем, шешем және мені» спорттық сайыс
Ұйымдастырушы: Қасқабулақ ауылдық округі

ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған
спорттық жарыс;
Ұйымдастырушы: Кеңгірбай би ауылдық округі

ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай
ашық тәрбие сағат.
Ұйымдастырушы: Тоқтамыс ауылдық округі

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай
«Тәуелсіздік – Желтоқсанның жемісі» атты
кітап көрмесі

Ұйымдастырушы: Медеу ауылдық округі
22 ҚАРАША «МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР»
Мекеме ұжымдары арасында волейболдан жа-
рыс

Ұйымдастырушы: Көкбай ауылдық округі

«Әсем саз» үйірмесінің ән-би конкурсы
Ұйымдастырушы: Архат ауылдық округі

Үстел үсті ойындары
(Тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы)
Ұйымдастырушы: Құндызды ауылдық округі

«Еңбек-ер атандырады» ардагерлермен кездесу
Ұйымдастырушы: Қасқабулақ ауылдық округі

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президент
күніне арналған спорттық іс шара
Ұйымдастырушы: Кеңгірбай би ауылдық округі

«Теріс діни ағымдар мен
бүлдіргіш культтердің зияны» лекция
Ұйымдастырушы: аудандық ішкі саясат бөлімі

«Менің Президентім» шығарма, эссе байқауы.
Ұйымдастырушы: Медеу ауылдық округі
23 ҚАРАША «МЕМЛЕКЕТ ШЕКАРАСЫ»
Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай
Сүйінбай атындағы Алматы облыстық
филармониясының концерті
Ұйымдастырушы: Көкбай ауылдық округі

Дойбыдан жарыс
Ұйымдастырушы: Архат ауылдық округі

«Тәуелсіздік-төңірдің берген
сыйы» атты кітап көрмесі
Ұйымдастырушы: Құндызды ауылдық округі

«Алға, Қазақстан» Флеш-моб
Ұйымдастырушы: Қасқабулақ ауылдық округі

«Елін сүйген, елі сүйген Елбасы»
Ұйымдастырушы: Кеңгірбай би ауылдық округі

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған
шахматтан оқушылар арасында жарыс
Ұйымдастырушы: аудандық білім бөлімі

Тәуелсіздіктің 25 жыл толуына орай
«Отбасым және мен» 1-4 сыныптар
арасында эстафеталық сайыс.
Ұйымдастырушы: Медеу ауылдық округі
24 ҚАРАША «ҒАЛАМДЫҚ БАСТАМАЛАР»
«Нұрлы жол» - Ел ертеңі нұрландырады (дәріс)
Ұйымдастырушы: Көкбай ауылдық округі

Дойбыдан жарыс
Ұйымдастырушы: Архат ауылдық округі

«Менің елім» суреттер көрмесі
Ұйымдастырушы: Құндызды ауылдық округі

«Бір шаңырақ астында» әдеби монтаж
Ұйымдастырушы: Қасқабулақ ауылдық округі

«Тәуелсіздік тұтқасы-бізге аманат»
Ұйымдастырушы: Кеңгірбай би ауылдық округі

«Жастардың жұмыссыздығы» және
«Жастарды жұмыспен қамту»
тақырыптарында жастармен
дөңгелек үстел өткізу.
Ұйымдастырушы: аудандық жастар орталығы

Саз мектебінің жана ғимаратының ашылуы
Ұйымдастырушы: Ж.Көрменов атындағы саз
мектебі

Тәуелсіздіктің 25 жыл толуына орай
ауыл жастары мен мектеп мұғалімдері
арасында волейболдан жарыс ұйымдастыру.
Ұйымдастырушы: Медеу ауылдық округі

М.Жанболатовтың 80 жыл
Ұйымдастырушы: Мәдениет үйі
25 ҚАРАША «АЗАМАТТЫҚ КЕҢЕС»
Жайдарман ойындары
Ұйымдастырушы:Көкбай ауылдық округі

Әкем, шешем және мен
Ұйымдастырушы: Архат ауылдық округі

«Екі жұлдыз» байқауы. I тур
Ұйымдастырушы: Құндызды ауылдық округі

«Мәңгілік ел, мәңгілік мұрасы» тарихи шолу
Ұйымдастырушы: Қасқабулақ ауылдық округі

«Тәуелсіздік бақыт-таны»
Ұйымдастырушы: Кеңгірбай би ауылдық округі

«Мәңгілік идеясын іске асырудағы
көшбасшының қабілетті дамыту,
үштілдікті жүзеге асыру және
бағалаудың маңыздылығы» атты аудандық се-
минар.Ұйымдастырушы: Медеу ауылдық округі

Елдігімізді, Тәуелсіздігіміздің тұғырлылығын, өзге елдермен тереземіздің теңдігін танытатын бірден бір нышан - ұлттық валюта. Ол күндер бүгінде естелікке айналды. Сонау 1993 жылдың қараша айында Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен қолданысқа енген төл теңгеміз биыл жиырма үш жасқа толды. Сол бір жылдары ел әлеуетінің өркендеуіне, экономикамыздың күш алуына ұлттық валютамыздың тигізген үлесі елүлі болғаны анық.

Теңгеміздің кескін - сипаты дизайны да мемлекеттік рәміздермен, еліміздің сәулет нысандарымен, табиғи ландшафтарымен бейнелене отырып, халық қолданысына тез сіңісті болып кетті. Ал, бүгінде теңгеміздің айналасында тың өзгерістер орын алуда. Осыған орай, ауданымыздағы қаржылық құрылым саласында қызмет атқарып жүрген мамандардың төл мерекесіне орай ШҚО бойынша Қазынашылық департаменті Абай аудандық Қазынашылық басқармасының басшысы Бақтыгүл Сүбәтілғазықызымен арнайы сұхбат өткізген едік.

Бақтыгүл Сүбәтілғазықызы:

ҚАРЖЫЛЫҚ ЫЗМЕТКЕ АЖЫРЛЫЛЫҚ АЖЕТ

-Бақтыгүл Сүбәтілғазықызы, алдымен сізді және сіз арқылы ұжымыңызды еліміздегі кәсіби мереке қаржыгерлер күнімен құттықтаймыз. Осы күн тарих парағында Ұлттық валюта күні болып, яғни төл теңгеміздің айналымға енген күні ретінде есте қалды. Сөз басында осынау атаулы күн жайлы пікір білдіріп өтсеңіз...

-Рахмет! Қалыптасқан дәстүрге сай, жыл сайын төл мерекемізді әр түрлі іс-шаралармен атап өтуді игілікті дәстүрге айналдырғанбыз. Кәсіби мерекемізде, әсіресе, зейнетке шыққан ардагер жандарды ортамызға алу үрдісі қалыптасқан. Яғни, барлық қызметкерлермен бірігіп, қызығы мен қиыншылығы мол сала жайында арнайы сайыс ұйымдастырып, үздік әріптестерімізді марапатқа бөлеп, қал-қадірімізше атап өтеміз.

- Жалпы Қазынашылық басқармасының қызметі, алға қойған мақсат-міндеттерімен бөліссеніз?

-Тәуелсіз еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1994 жылдың қаңтар айында Қазақстан Республикасы қаржы министрінің қазынашылығын құру туралы №1526 жарлығына сәйкес, жер-жерде қазынашылық Департаменттері мен олардың жүздеген бөлімшелері құрылған еді. Осы жылдың 20 мамырында ҚР қаржы министрлігінің қазынашылық комитетінің ҚР қаржы министрлігінің қазынашылық құру туралы жөніндегі №549 қаулысына сәйкес, ШҚО бойынша қазынашылық Департаменті қаралып, оның Абай аудандық бөлімшесі де өз жұмысын бастаған еді. Жанадан құрылған қызметте осылайша қарқынды жұмыстар орын ала бастады. Айталық, Абай аудандық бюджеттік банк бөлімінің ғимараты мен материалдық құндылықтары ауданның жаңа қазынашылық бөліміне өткізіліп берілді. Осылайша 1998 жылдың 2 қаңтарынан штаттық кестеде 9 қызметкері бар қазынашылық бөлімі өз жұмысын бастады. Содан бері басқарма жұмысы байыппен алға басып келе жатыр.

Ал ел Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі №387 Қаулысымен «бөлім» «басқарма» атауына ауыстырылды. Міне, содан бері егеменді еліміздің жаңа құрылымдарының бірі, экономикамыздың қарқынды дамуына бюджеттік мекемелерге қызмет көрсету арқылы субелі үлес қосып келеміз. Биылғы жылы Қазынашылық органдарына 22 жыл толып отыр.

Қазынашылық – аты айқындап тұрғандай, ол мемлекеттік қазынаның, яғни мемлекеттік бюджеттің кіріс және шығыс түрлерінің атқарылуын іс жүзіне асыратын және оның мақсатты жұмсалыуына бақылау жасайтын мемлекеттік атқарушы орган.

Қазіргі таңда Абай аудандық қазынашылық басқармасында облыстық бюджетке қарайтын - 4, аудандық бюджеттен қаржыландыратын - 38, ақшаны уақытша орналастырудың қолма-қол ақшасын бақылау шоттары - 23, квази секторлық субъекті -1, ақылы қызмет көрсетуде - 2 шот ашылған.

-Ағымдағы жыл сіздер үшін несімен есте қалмақ? Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерейтойы қарсаңында қызметтеріңізде қандай жаңашылдықтар орын алуда?



-Сауалыңыз орынды. Бұл тарапта айта кетер болсам, бүгінгі күні біздің жұмысымызда қазіргі заман талабына сай бірқатар ілкімді жаңашылдықтар орын алуда. Мәселен, қызмет көрсетілетін мекеметтік мекемелермен жұмыс барысында «Қазынашылық-клиент» жүйесі жақсы қалыптасып, алған бағытының дұрыстығын іс жүзінде дәлелдеді. Бір ауыз сөзбен айтсақ, қазынашылық жүйеде қағазбастылық азайып, артық сураныстар мен хабарлар азайды. Бұл - үлкен жетістік.

Сонымен қатар, бүгінде Қазынашылық басқармасы мен мекемелер арасында электрондық байланыс орнап, электронды түрде аударымдар жүргізілуде. Қазынашылық жүйесі үшін ағымдағы жылдың жағымды әрі ең басты жаңалығы -келісім шарттарды электронды өтінім арқылы тіркеу болып табылады.

Сөз орайында айта кетейін, біздің салада маманның біліктілігіне баса мән беріледі. Бұл ретте басқарма қызметкерлері үш жылда бір рет республикалық деңгейдегі қайта даярлаудан өтіп отырады.

-Тәуелсіздік аясында 23 жасқа толған теңгеміздің тарихи таңбасы күн санап түрленіп, дизайны да заман талабына сай жаңартылу үстінде. Жуырда ғана Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай Елбасы бейнеленген 10 мың теңгелік кәдесыйлық ұлттық валюта мен монеталар таныстырылған еді. Желтоқсан айынан бастап қолданысқа енетін жаңа банкноттар жайлы анығырақ баяндасаңыз.

-Иә, өздеріңіз бұқаралық ақпарат құралдарынан құлағдар болып отырғандарыңыздай, Ұлттық Банк төрағасы Данияр Ақышев Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай Елбасы бейнеленген 10 мыңдық кәдесыйлық банкнот пен монеталардың шығарылғанын мәлімдеді. Сондай-ақ, жаңа банкноттар осы жылдың I желтоқсанында айналымға енгізілетінін де жеткізді.

Аталмыш банкнот бірегей технология нәтижесінде ерекше қорғаныш қабілетіне ие. Онда өмір ағашы, сактар дәуірінен бүгінгі күнге дейінгі тарихты жинақтау

белгісі ретінде жасалған жәдігерлік элементтер ерекше дизайнмен орналастырылған. Бұл теңгеліктерді алған адам оны Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығынан естелік ретінде сақтап қояры анық.

-Жалпы өзіңіз осынау жауапты міндет жолында қай жылдардан бастап еңбек етіп келесіз? Мекемедегі абырой иелері атанған қызметкерлеріңіз жайлы тоқталсаңыз...

-Мен осы саладағы еңбек жолымды 1992 жылы 11 мамырда Қарауыл ауылының есеп –айырысу касса орталығында оператор болып бастап, осы мекеменің ішінде сектор менгерушісіне дейін жоғарыладым. 1997 жылы мекемеміз Бюджеттік банк болып атауы өзгерді. Ал 1998 жылдың 2 қаңтарынан Абай аудандық қазынашылық бөлімі болып өзгертілгенде қызметімді бас маман-бас қазынашы болып бастап, бөлім бастығының орынбасары лауазымына дейін жоғарыладым. Осылайша, 2008 жылдың 23 қыркүйегінен бастап басқарманың басшысы қызметіне тағайындалдым. Осынау қызметке деген сүйіспеншілік, жұмысқа деген ынта адамды үнемі алға ұмтылдыратыны анық. Бұл ізгі қасиетті өзге әріптестерімнің де бойынан байқаймын. Мәселен, Абай аудандық қазынашылық бөлімінің алғашқы құрылған күнінен бастап мемлекеттік қызметкер деген атқа кір келтірмей өз лауазымдарын жауапкершілікпен атқарып келе жатқан, төлемдерді алдын – ала бақылау және енгізу тобының бас маман-бас қазынашысы Н.Г.Жакишбекова, операциялық топтың бас маман-бас қазынашысы Л.Мұхаметқалиева және басқарма басшысының орынбасары

С.Өсетұлын осындай өз мамандығына шексіз берілген жандар қатарына жатқызамын. Сонымен қатар, ізімізді басып келе жатқан кейінгі толқын жас буын мамандар А.Байжұманова, Ж.Шәкенова және А.Кентбекұлының абыройлы қызметтерін атап өткен орынды дер едім. Біздің қызмет асқан жауапкершілікті, іс барысында мұқияттылықты талап етеді. Осынау үдеден табыла білу біз үшін үлкен абырой.

-Мекемеңіңіздің материалдық-техникалық базасы қалай қалыптасқан?

-Басқарманың материалдық-техникалық жағдайына келсек, барлық қызметкерлер жеке жұмыс орындарымен қамтамасыз етілген. Басқарма бүгінгі заман талабына сай сканнер, ксерокс және принтерлермен, кәсіби бағдарламалық жүйе орнатылған компьютерлік құрылғылармен жабдықталған. Қазіргі таңда материалдық тұрғыдан ешқандай мұқтаждық жоқ.

-Сұхбатымыздың соңында ауданымыздағы қазынашылық жүйесінің жетістігі жайлы айтып өтсеңіз. Облысымыздағы рейтингтік көрсеткіш бойынша қандай межеден табылуда?

-Ағымдағы жылы ШҚО бойынша қазынашылық Департаментінің рейтинг қорытындысы нәтижесінде орташа деңгейдеміз. Себебі, штат бойынша 8 адам жұмыс жасауы тиіс мекемеде биылғы жылдың ақпанынан бері небары төрт адам ғана зор жауапкершілікпен қызмет атқарып келеді. Басты себеп сол салаға қажетті мамандардың жеткіліксіздігі жұмыс қарқынын шамалы тежеп, аймақ бойынша сараланған көрсеткішімізді сәл төмендетіп тұрған жайы бар. Алдағы уақытта бұл олқылықтың орынын толтырып, жоғары көрсеткішке қол жеткізуге барымызды салатын боламыз.

- Сұхбатыңыз үшін алғыс білдіреміз. Еңбектеріңіз әрдайым табысты болғай. Ауданымыздың да, байтақ отанымыздың да қазынасы ортаймасын!

Сұхбаттасқан
Тоғжан РАХЫМБЕКҚЫЗЫ,
«Абай елі»

Өркенді өмір келбеті

БАТЫР АҒЫЛЫҢЫҢ БҮГІНІ



Аудан орталығынан шалғай жатқан елді мекендердің бірі - Тоқтамыс ауылдық округі. Бұл мекен аңыз бен әпсанаға да бай. ТМД елдерінің түкпір-түкпірінен ат арылып келетін қонақтар легі тағы бар. Табиғаттың тылсымы саналатын Қоңырәулие үңгірі, қырық үңгір лабиринті, биылғы жаз айларында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының бәрі бұл өлкенің тарихы мағналы екендігін дәлелдей түседі.

Тоқтамыс ауылында бүгінде 715 тұрғын бар. Ал кәсіпкерлік өмірінде 23 шаруа қожалығы өмірдің өрісін кең жайлап отыр. Шыңғыстау сілемдерімен астасқан әк жартастардың бауырын бөктерлеген ауыл тіршілігі қашанда мамыражай. Округте клуб үйі, Жанғазы Молдағалиев атындағы орта мектеп және медициналық амбулатория тұрғындарға қызмет көрсетуде. Халық игілігі үшін таяуда ғана су жана УАЗ маркалы жедел жәрдем көлігі берілгені де баршаға мәлім.

Десек те, бұл ауыл үшін қиыншылығымен есте қалған өткен 2015 жылдың сәуір айы ешқашан ұмытылмасы анық. Ауыл іргесімен ағып жатқан Шаған өзені долы мінезін танытып, арнадан асып ағып, елді мекенге кіре берістегі көпірді шайып кеткен болатын. Нәтижесінде ауыл тұрғындары екі аптаға жуық уақыт аудан орталығымен қатынасыз қалды. Опырылған көпірден өтпек түгіл көлік құралдары, техника түрлері күркіреген өзеннің жағасында тұралады. Сол апат туралы ауыл тұрғыны Әджей Марат Қуанышұлы:

-Қиыншылық деген аяқ астынан ғой. Су тасқынын еске алсақ, бойымызды қорқыныш билейді. Арнасынан асқан Шаған суы кенеттен жайылып кетті. 15 күн жол болмай, ауданмен, Семеймен қатынаса алмай қалдық. Көлікті арғы бетке қалдырып, көпірдің үзілген тұсына трап жайып, жаяу өтіп, амалдап жүрдік. Ал биылғы қыста өзен арнасы қатқан соң ауылдағы техника мұздың үстімен өтіп жүрді. Дегенмен кей кездерде сең бұзылатын жағдайлар да болып жүрді.

Егемендік мерекесіне орай

БІР КҮНДЕГІ ҚОС БІРІНШІЛІК



Жуырда ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына орай 2003-2006 жылы туған жасөспірім қыздар арасында волейболдан аудандық біріншілік болып өтті.

Аудандық чемпионаттың ашылу салтанатында спорт ардагері Майдан Мұқанов, аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Еркебұлан Сағындықов және білім бөлімінің басшысы Мақсат Нұрсұлтанұлы, сондай-ақ, тоғызқұмалақ ойыны бойынша аудандық құраманың бас бапкері Назым Күзембай сөз алып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Жарысқа аудан бойынша төрт команда қатысты. Атап айтқанда: Шөкәрім, Абай мектеп-лицейі, Қарауыл гимназиясы мен Көкбай орта мектебінің командалары өзара бақ сынады.

Аталмыш додада Көкбай командасы айқын басымдылықпен жеңіске жетіп, Абай атындағы мектеп-лицей өрендері ІІ орынды иеленді. Ал ІІІ орынға Қарауыл гимназиясының спортшылары тұрақтады. Сонымен қатар, жекемен аталымдар бойынша Мұқымова Динара «Үздік ойыншы», Мағат Балжан «Үздік қорғаушы», Бауыржанқызы Алуа «Үздік шабуылшы» номинацияларымен марапатталды.

Ерен ойын үлгісін көрсетіп, шеберлік танытқан командалар жүлдегер атанып, мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі мекемесінің арнайы мадақтамалары және медальдары-

Бұл жайт ауылдықтарға үлкен ауыртыпшылық әкелді. Аудан әкімі Тұрсынғазы Жантұяқұлы тұрғындар алдында есеп беру жиынын өткізгенде осы мәселені өтініш етіп тапсырған болатынбыз, - деп пікір білдірді.

Көп ұзамай ел тілегі орындалды. Биыл көпір қайта жасалып, үш су бөгенінің құрылысы аяқталды. Нысанды Семей қаласынан келген мердігер компания «Қала



жолдарының құрылысы мекемесі» жоспарлы мерзім ішінде аяқтап шықты. Ауылдық округ әкімі Ақылтай Қалиоллаұлы көпір құрылысы туралы:

-Жалпы құрылысқа 56 млн. теңге қаражат жұмсалды. Мердігер көпірдің жөндеу жұмыстарына 20-ға тарта арнайы техника мен 50-ден астам жұмыс күшін жұмылдырды. Құрылысқа құм, қиыршық тас сияқты қажетті материалдардың барлығы Семей қаласынан тасымалданды. Көпір жолы жөнделген соң іргесі және су бөгетінің ағысқа қарсы беттері толық бетондалды. Шілде айының 8-і басталған жұмысты мердігер қазан айының 25-і күні аяқтап берді. Жұмысшылардың жатын орындарын ұйымдастыруда ауыл тұрғындары жұмылып, көмек қолын созды, - деп тоқталып өтті.

Расында да, сол жылғы су тасқыны тек Абай ауданында ғана емес, облыс бойынша, республиканың түс-тұстарында да елеулі залал әкелгенді. Шығыс өңірінде 8 көпір қирағаны туралы да естіген едік. Бүгінгі күні соның тек екеуі ғана жөнделген екен. Соның бірі Тоқтамыс ауылындағы көпір. Бұл айрықша атап айтуға тұрарлық жағымды хабар. Бүгінде көпірлері шалыман тоқтамыстықтар осынау іргелі істі аяғына дейін жеткізген аудан әкімі Тұрсынғазы Мүсәпірбеков пен округ әкімі Ақылтай Садырбайға алғыстарын жаудыруда. Елдің қамы әрдайым осылай орындалса, құба-күп. Жалпы ауыл тұрғындарының «бір

жеңнен қол, бір жағадан бас, бір ауыздан сөз шығарып» жүрген ұйымшылдығы тәнті етеді. Мысалы, мерекелік шаралар мен айтулы күндерді ұйымдастыруда округтегі шаруа қожалықтары бір үдеден табылып, қолдау көрсетеді екен. Оған мысал ретінде, 18-ші қараша күні ауылдағы білімнің қара шаңырағы ұйымдастырған ересектер арасындағы аудандық волейбол турнирін айтсақ та жеткілікті. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған іс-шараға мектеп әкімшілігі мұрындық болып, «Машан бау -райы» аталатын команда құрған шаруа қожалықтарының жетекшілері де елеулі түрде ат салысты. Торлы доп бөсекесінің ашылу салтанатында аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Еркебұлан Сағындықов және ауыл әкімі Ақылтай Садырбай ширек ғасырға аяқ басқан еліміздің басты мерекесімен құттықтап, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Кездесулер өте тартысты өтті. Олай дейтін себебіміз, волейболға құмар аудан ойыншылары тиянақты тәжірибе жинақтап қалған. Тіпті, алма кезек ойындардың үш кезеңге ұласып жатқандығына да куә болдық. Додаға Кеңгірбай би ауылдық округінен, аудандық спорт мектебінен, Абай атындағы мектеп-лицейінен, Қарауыл гимназиясынан, Қасқабулақ ауылынан және Тоқтамыс ауылдық округінен 2 команда, жиыны 7 команда бақ сынасты.

Жарыстың қорытындысы бойынша Тоқтамыс ауылы І орынды, Спорт мектебінің ұжымы ІІ орынды, Абай атындағы спорт мектебі жүлделі ІІІ орынды қанжығаларына байлады. Жеңімпаздарға медальдар, марапат қағаздары, қаржылай сыйлық тапсырылды. Бәсеке барысында үздік ойындарымен кезге түскен спорт мектебінің командасынан ойыншысы Мусин Досхан, Абай атындағы мектеп-лицейінің ойыншысы Алмасов Данияр, Тоқтамыс ауылының намысын қорғаған Қазыханов Бекжан мен Сайлаубек Есбол марапатталды.

Нұржан БАЙТӨС,
«Абай елі»
Қарауыл-Тоқтамыс

мен марапатталды.

Дәл осы күні 2001-2003 жылы және 2004-2006 жылы туған, сонымен қатар 2007-2009 жылы туған жасөспірім ұлдар мен қыздар топтары арасында тоғызқұмалақтан аудандық турнир де өз байрағын көтерді. Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына арналған бәсекеге Шөкәрім орта мектебі, Мамай негізгі білім беретін орта мектебі және аудан орталығынан Қарауыл гимназиясы мен Абай атындағы жалпы білім беретін мектеп-лицейінің тоғызқұмалақшылары қатысты.

Осынау ұлттық ойын түрі туралы бас төреші Назым Күзембай пікір білдіріп өтті:

-Тәжірибе көрсеткендей, тоғызқұмалақ ойыны әлемдік мәдениеттің озық үлгілерімен бой теңестіре алатын қазақтың рухани ойыны, логикалық ойлау спорты. Бұл ойын оқушылардың ойлау қабілеттерін дамытып, білімдерін, икемділіктерін жетілдіреді. Тәрбиелік мәні жоғары. Тоғызқұмалақ ойынының негізі есептей білуде. Ойыншы тек өз амалын қолданып қана қоймай, қарсы жақтың да мақсатын біліп, жүрісін мұқият есептей алуы қажет. Мәселен, айтар болсақ, жүріс жасалатын отаудағы соңғы құмалақ дәл қай отауда барып түсетінін білу үшін 10, 19, 28, 37 сандарын әрқашанда есте жақсы сақтай білу керек. Және де ойында кері немесе ілгері есептеу өте жиі қолданылады. Мен бүгінгі жастардың талабына қызығамын. Жетістіктері де мол. Жас өскіндердің облыстық, республикалық, қала берді халықаралық турнирлерге қатысып, спорт шеберліктерін қорғап жүргендері БАҚ беттерінде жиі жарияланады. Осы қарқыннан таймауымыз керек деп есептеймін, - дейді Назым Күзембай.

Сайыстардың қорытындысы бойынша жүлдегерлерді аудандық білім бөлімінің әдіскері Бектөлеу Имантаев марапаттады.

«Абай елі» ақпараты

25 ЖЫЛҒА ЖҮЗДІ КҮН

26 ҚАРАША «БІРТЕКТІЛІК ПЕН БІРЛІК»
Менің алғашқы Президентім (дәріс)
«Елімнің бақытын тербеткен –
Тәуелсіздік» мерекелік шара
Ұйымдастырушы: Көкбай ауылдық округі

Жастардың би кеші
Ұйымдастырушы: Архат ауылдық округі

«Екі жұлдыз» байқауы. ІІ тур
Ұйымдастырушы: Құндызды ауылдық округі

«Тәуелсіз елдің тұғыры биік» Әдеби сазды кеш
Ұйымдастырушы: Қасқабулақ ауылдық округі

«Қазақстан Тәуелсіздігіне 25 жыл»
әлеуметтік қызметке мұқтаж жандармен
Ұйымдастырушы: Кеңгірбай би ауылдық округі

ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына байланысты
«Елбасы – ұлт көшбасшысы» атты ертеңгілік
Ұйымдастырушы: Тоқтамыс ауылдық округі

«Балалық шағымның Аспаны» атты көркем
фильмін жастарға ұсыну
Ұйымдастырушы: Медеу ауылдық округі

27 ҚАРАША «ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА»
Жастардың би кеші
Ұйымдастырушы: Көкбай ауылдық округі

Жастардың би кеші
Ұйымдастырушы: Архат ауылдық округі

«Елім менің аңсаған» патриоттық ән байқауы
Ұйымдастырушы: Құндызды ауылдық округі

«Кім күшті» спорттық сайыс
Ұйымдастырушы: Қасқабулақ ауылдық округі

Ауыл жастарының би кеші
Ұйымдастырушы: Тоқтамыс ауылдық округі
28 ҚАРАША «ЯДРОЛЫҚ ҚАРҰСЫЗ
ӘЛЕМ»

«Спорт денсаулық кепілі»
(спорттық шара ұжым арасында)
Ұйымдастырушы: Көкбай ауылдық округі

«Тәуелсіздікке – 25 жыл» сайыстар, сынып
сағаты
Ұйымдастырушы: Құндызды ауылдық округі

«Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік»
тәрбие сағаты
Ұйымдастырушы: Қасқабулақ ауылдық округі

«Есірткі - адамның қасы, аурудың басы»
Ұйымдастырушы: Тоқтамыс ауылдық округі

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған
«Менің президентім» шығармалар байқауы(7-8-9
кл. 10-11 сынып)
Ұйымдастырушы: аудандық білім бөлімі

«Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» атты
кітап көрмесі.

Ұйымдастырушы: Медеу ауылдық округі
29 ҚАРАША «АЛАМДЫҚ БАСТАМАЛАР»
«Біз Елбасымен біргеміз» мерекелік шара
Ұйымдастырушы: Көкбай ауылдық округі

«Егер мен президент болсам...»
жастармен кездесу кеші
Ұйымдастырушы: Құндызды ауылдық округі

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған
салтанатты жиналыс
Ұйымдастырушы: Қасқабулақ ауылдық округі

«Кемегер тулғам-Елбасым»
Ұйымдастырушы: Кеңгірбай би ауылдық округі

Ауыл жастары арасында волейболдан жарыс
Ұйымдастырушы: Тоқтамыс ауылдық округі

«Елбасы- тірегіміз, Қазақстан жүрегіміз»
көрме, дөңгелек үстел
Ұйымдастырушы: аудандық М.Әуезов атындағы
орталықтандырылған кітапхана

Тұңғыш Президент күні мерекесіне орай
«Елбасы- кемегер көшбасшы» атты кітап
көрмесі.

Ұйымдастырушы: Медеу ауылдық округі
30 ҚАРАША «ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ИНС-
ТИТУТЫ»

Елбасымен жасампаздық жолында
(«Жас қыран, Жас ұлан қатарына қабылдау сал-
танатты жиыны»)
Ұйымдастырушы: Көкбай ауылдық округі

«Елбасы – ұлт көшбасшы»
Ұйымдастырушы: Архат ауылдық округі

«Желтоқсан-Тәуелсіздік бастауы» ертеңгілік
Ұйымдастырушы: Құндызды ауылдық округі

«Қазақстаным алға»Би жарысы
Ұйымдастырушы: Қасқабулақ ауылдық округі

ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына
«Салауатты өмір салтын сақтайық» спорттық
жарыстар
Ұйымдастырушы: Тоқтамыс ауылдық округі

Тұңғыш Президент күні мерекесіне орай
ересектер арасында футболдан аудандық жарыс
және жасөспірімдер арасында тоғызқұмалақтан
аудандық жарыс.

Ұйымдастырушы: Абай ауданының мәдениет,
тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт
бөлімі


«Елі сенген, елін сүйген Елбасы»
Слайд, көрме, ертеңгіліктер ұйымдастыру мек-
тептерде
Ұйымдастырушы: аудандық білім бөлімі

Ауыл шаруашылығы күні
Ұйымдастырушы: Аудандық ауыл шаруашылық
бөлімі

«Елі сүйген, елін сүйген – Елбасы» атты тәрбие
сағаты.
Ұйымдастырушы: Медеу ауылдық округі



Мектеп жаңалықтары



Ауыл айнасы

ҚАРИЯЛАРДЫҢ АЛҒЫСЫНА КЕНЕЛДІК

Алланың ерекше жаратылысы – адам. Ал оның төрт аяқты хайуаннан ерекшелігі – махаббатта. Бұл сөздің аясына мейірім де, иман да, адамгершілік пен сүйіспеншілік те сыйып кетеді. Адамдардың өмірге махаббатпен қарап, жақындарына жәрдемін тигізуі – адамгершілік. Мейірім нұры қашанда болсын артық етпейді. Игілікті істің әрқашан сауабы бар. Біздің Саржал ауылында да кең жүректі жандар бар екенін, олардың ісі кейінгі өскелең буынға үлгі-өнеге екендігін сеніммен айта аламын.

«Тәрбие - тал бесіктен» демекші, мектебіміздің 10-шы сынып оқушылары бірлескен түрде ауылымыздағы ардагерлер қауымына, ақсақал-апаларға қолғабыс етуде. Біреуге жақсылық жасау үшін көл – көсір байлықтың болуы міндет емес. Тек еңбеккер екі қолың мен мейірімге толы жүрегің болса жеткілікті.

Мен де 10 сынып оқушысымын. Біз сынып болып, еріктілер тобына жазылдық. Қараша айының тоғызыншы жұлдызында біздің топ ауылымыздың ақсақалы Көменғазы атаның үйіне барып, көмек беріп келді. «Қарты бар елдің, қазынасы бар» деп бекерге айтылмаған. Ал біз қазынасын қастерлей білген елденбіз. Осындай қарияларымызға көмек берген оқушылардың

ынтасы, белсенділігі аса жоғары. Мектеп оқушыларының екінші еріктілер тобы 10 «Б» сынып оқушылары тағы бір қарияға жәрдемдесіп, жұмысын жеңілдетті. Үйдің айналасын қалың жауған қардан тазартып, қысқы отынын тасып берді.

Мұндай игі бастамалар ертеңгі ұлт болашағын айқындайтын ұрпақ тәрбиеленудің алғашқы баспалдағы. Біздей өмірді енді танып келе жатқан жас буын үшін көнекөз қариялардың алғысына бөленіп, батасын алып жүру үлкен мұрат.

Алдағы уақыттарда да Саржал ауылындағы еріктілер тобы белсенді әрекет ете бермек.

Аружан САЯСАТОВА,
Ш.Токжігітов атындағы орта мектебі «КММ»
«Жас Ұлан» оқушылар ұйымының ақпарат
бірлестігінің жетекшісі,
10 сынып оқушысы,
Саржал ауылы

Қайырымдылық акциясы

ҚАМҚОРЛЫҚ ЖАСАДЫ



Акция аясында жиналған қаржы көлемі 85 000 теңгені құрады. Атап айтсақ, ата-аналар тарапынан Слямбеков Фурхат, Джолумбетов Мейірілі, кәсіпкер қатарынан Қырқымбаев Ержан мен Базарұлы Нарын т.б. ақшалай көмек көрсетті.

Акция қорытындысы бойынша 50 балаға киім-кешек, оқу-құралдары түрінде материалдық көмектер көрсетілді.

«Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің» - деген халық накылы осындайда ойға оралады. Қайырымдылық – халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. «Жанашырлыққа – жан риза» демекші, балалардың жанашыр қамқоршысы болып жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске атсалысу әрбір адамның азаматтық парызы.

Ал әр адамның өміріндегі ең игі істің бірі – мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Хакім Абайдың сөзімен айтсақ, мейірім мен ғәдалат адамның адамшылығын айғақтайтын ізгі қасиеттердің бір белгісі.



Айгерім АДИБАЕВА,
Абай атындағы мектеп-лицейінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Білім көкжиегі

МЕКТЕП МЕРЕЙІН АСҚАҚТАТТЫ



шәкірттері өз мүмкіндіктерінің зор екендіктерін дәлелдей білді.

Бір мысал, қараша айының 12-і күні Семей қаласында 10-11 сынып оқушылары арасында М.Яшқарова атында химия пәнінен аймақтық олимпиада екінші мәрте өткен еді. Олимпиадаға облысымыздағы озық мектептердің озат оқушылары қатысып, жалпы жиыны 100-дей талапкер өзара бақ сынаған болатын. Білім сайысына аудандар арасынан Курчатова, Бесқарағай, Үржар мен Семей қаласының өз мектептері және Абай ауданынан 5 оқушы қатысқан болатын. Осынау білім сайысына біздің мектептің 10 сынып оқушысы Тұрысбекова Айзада қатысып, жүлделі 2-ші орынды иеленіп, ректор М.Ескендіровтің мақтау қағазына қол

жеткізіп қайтты.

Байқау орыс және қазақ тілдерінде өткізілді. 10-шы сынып бойынша қазақ тобынан 35 бала қатысып, соның ішінде Айзада ең жоғары ұпай өншілеген еді. Шәкіртіміз II орынға тұрақтағанымен, алдыңғы орындар жүлдесіз қалғанын айта кету жөн шығар. Бұл жайттан аталмыш пән бойынша Айзаданың жеңісі бірінші орынмен пара-пар екенін аңғаруға болады. Бұл үлкен жеңіс деген сөз.

Сонымен қатар, Айзаданы үкілеп бәйгеге қосқан химия пәнінің мұғалімі Аблезқызы Зухра ректор Мейір Ескендіровтің арнайы алғыс хатымен марапатталды.

Ал аудан атынан барған өзге де қатысушылар арасында 10 сынып оқушысы Аманкелді Дилара «Спорт шеберлігіне үміткер» куәлігімен мектебіміздің мәртебесін асқақтатты. Бұл ретте ұстазы Ниязов Бауыржанның да еңбегі орасан.

Бұл жаңалықтар Медеу орта мектебі үшін зор қуаныш. Сондықтан да, дүйсенбі күнгі апталық лездеме мектеп директоры Ербұлан Зекешұлы мектеп мерейін асқақтатқан осынау мұғалімдер мен оқушыларды арнайы құттықтап өтті.

Ұстаздарымыздың еңбегіне шығармашылық табыс, шәкірттерімізге жүлделі жеңіс тілеп, тек биіктерден көріне берулеріне тілектестік білдіреміз.

Айгүл ӨМІРТАЕВА,
«Бастау» қауымдастық бірлестігінің
жетекшісі,
Медеу орта мектебі

Әлеуметтік жәрдем

КІТАПХАНА ҚЫЗМЕТІНЕ РАЗЫ

Кітапхана оқырман мен кітап арасындағы алтын көпір. Бүгінгі таңда, ақпараттық технологиялар қарыштап дамыған заманда оқырман талабын қанағаттандыруда, халықтың рухани қазынасын насихаттауда мәдениет пен білім ордасы – кітапханалардың атқаратын ролі ұшап-теңіз. Осы бір орайда, бүгінде мүмкіндігі шектеулі оқырмандарға кітапханалық қызмет көрсету ісі де кеңінен ұйымдастырылуда. Кітапханада осындай жандардың қатысуымен ауыл әкімдігі, әлеуметтік қызметкерлермен бірлесе отырып, түрлі кітап конференциялары мен танымдық сағаттар өткізіліп тұрады.

Мүтедекпін деп мойымайтын, өмірге құштар адамдар көп ортамызда. Олар қай кезде де өзін-өзі танытып, қоғамның бір мүшесі екенін көрсеткісі келеді. Сондай жандардың бірі көз жана-ры болмаса да ойы сергек, оқығаны көп, жаналыққа жаны құштар Оралбай Жәкенов дер едік.

О.Жәкеновты 1952 жылы наурызда Қарауыл округіне қарасты Олжай ауылында дүниеге келген. Құндызды ауылында еселі еңбек етті. Жұбайы Рысқан апай екеуі 4 бала тәрбиелеп өсірді, барлығы үйлі – баранды.

Оралбай аға ауылдың қоғамдық өмірінен де шет қалған емес. Жиындарға келіп қатысып, ауыл өміріне алаңдап, өз көзқарасын білдіріп отырады. Семей полигонының зардабы Оралбай ағаның денсаулығын, көз жанарын нашарлатып, Новосібір, Алматы, Семей қалаларында емделіп, 14 мәрте операцияны басынан өткерді. Асқазанына екі рет ота жасатты. Осы қиындықтар Оралбай ағаны мұқалта алған жоқ. Керісінше өмірге құштарлығын арттыра түсті.

Пушкин атындағы облыстық кітапханадан дыбысталған кітаптар алғызып Оралбай ағаға жеткізіп беріп отырамыз. Осы уақытқа дейін М.Әуезовтың «Абай жолы», Қ.Жүмаділовтың «Дарабоз», І.Есенберлиннің «Көшпенділер», Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» тағы басқа кітаптарды тыңдады.

Оралбай аға: «Мен секілді үйде отырған адамға дыбысталған кітаптар өте пайдалы. Көңілімді сергітеді, ой-сезімді көтеріп, көңіл-күйімді жақсартады. Бүгінде заңғиптар қоғамының дыбысталған кітаптар қоры аз, болашақта Президентіміздің еңбектері дыбысталса, сол тәрізді тағы басқа да танымдық мән-маңызы зор әдебиеттерді тыңдағым келеді. Маған зор көмек көрсеткен аудандық, облыстық кітапхана ұжымына, әлеуметтік қызметкерлерге зор алғысымды айтамын» деген жүрекжарды лебізін білдіреді.

Болашақта да мүмкіндігі шектеулі жандармен жұмысымыз жалғаса бермек.

Сәулә ӘНУАРОВА,
Құндызды ауылдық кітапхана меңгерушісі,
Алмагүл ЖҰМАХАНОВА,
әлеуметтік қызметкер



САБАҚТАН ТЫС СЕНБІЛІК ҚАРҚЫН

«Жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында» деп айтқандай, қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты – бәсекеге қабілетті білімді тұлға тәрбиелеу. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі – мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше түс – оның сабақты түрлендіріп, өткізе отырып, тұлғаның жүрегіне сара жол табуы, өмір бойы оқып жемісін көре білуінде.

Әлемдік білім беру жүйесінің көшінен қалмай, дамудың басым бағыттарын негізге ала отырып, өркениетке аяқ басу білім беру мазмұнына жана талаптарды алға тартуда. Қазіргі білім беру жүйесіндегі жаңарулар, ең алдымен, жастардың мәдени, эмоционалды, зияткерлік, әлеуметтік және рухани жағынан даму мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталуда.

2016-2017 оқу жылы I сынып мұғалімдері мен оқушылары үшін ерекше оқу жылы болып отыр. Елімізде мектеп табалдырығын аттаған барлық I сынып оқушылары ҚР МЖМБС-2015 сәйкес жаңартылған білім мазмұны, оқу жоспарлары және оқу бағдарламаларымен оқитын болды. Отандық орта білім мазмұнын жаңарту барысында қазіргі өмірде кең ауқымды дағдыларға көп көңіл бөлінуде. Бұл дағдылар жалпы адамзаттық және этномәдени құндылықтарға негізделі отырып, оқушыларға оқудағы, сондай-ақ өмірдегі проблемаларды шешуіне мүмкіндік береді. Бес күндік оқу жағдайында алтыншы күн (сенбі) оқушылардың

денсаулығын сақтауға, білім алушылардың, сондай-ақ мұғалімдердің өз бетімен білім алуға және дамуға уақытын көбірек бөлуге бағытталуы қажет және балалардың қызығушылықтарын ескеріп, сондай-ақ оларды ұжымдық және жеке тақырыптық ғылыми-зерттеушілік және шығармашылық жобаларды іске асыруға араластыру арқылы балалардың шығармашылық әлуетін дамытуға бағытталған.

Бүгінгі таңда Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектеп-лицейінде бірінші сыныптың 95 оқушысы жобаға сәйкес 5 күндік оқу кестесі бойынша білім алуда. Осы мақсатта мектебімізде I-сыныптар арасында дене шынықтыру пән мұғалімдерінің және директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының ұйымдастыруымен «СЕНБІЛІК ҚАРҚЫН» атты спорттық сайыс өтті. Сайыстың мақсаты сенбі күнгі оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану отырып, салауатты өмір салтын сақтауға үйрету. Сайысқа I сыныптар арасынан бес команда қатысты. Әр командада 3 ұл 3 қыздан болды. Сайыс әр түрлі спорттық жарыстардан тұрды. Доппен жүгіре отырып, кедергілер арасынан өту, шенберді ұстап кедергілер арасынан өту, арқан тарту сияқты бөлімдерден тұрды. Сайыс қорытындысы бойынша I орын I «А» сыныбы, II орын I «Б», I «Д», III орын I «В» командалары иеленді.

«АЕ» ақпараты



20 ҚАРАША – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК БАЛАЛААР КҮНІ

Әлемдегі барлық балалар –пәк, осал және тәуелді. Олардың өмірінде қуаныш пен бейбітшілік, ойын, оқу болып, ал болашағы үйлесімділік пен ынтымақтастыққа негізделуі керек. Келешегі кеңейіп, тәжірибелері артқан сайын олардың өмірі анағұрлым толыққандырақ болу керек. Бірақ көптеген балалар үшін балалық шақ шындықтары мүлдем басқа.

Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлсұметтік мемлекет негізін қалаушы бағыттарының бірі - бала құқығын қорғау мәселесі болып табылады. Қазақстан Республикасы Конституциясының 27 бабына сәйкес, неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Бала құқығын қамтамасыз ету қазіргі заманның ауқымды проблемасына жатады, оның шешіміне барлық дүниежүзілік қауымдастық мүдделі.

20 қараша күні Біріккен Ұлттар Ұйымы Ассамблеясы (ары қарай – БҰҰ) 1959 жылы Балалар құқы декларациясын, 1989 жылы Балалар құқы Конвенциясын қабылдаған. 1954 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы бүкіл әлемде балалардың аман-саулығын қамтамасыз етуге бағытталған игі іс-қимылдарға арналған балалардың бүкіләлемдік бауырластығы мен өзара түсіністігі күні ретінде «Дүниежүзілік балалар күнін» мерекелеу үрдісін барлық елдерде енгізуді ұсынды.

Қазіргі уақытта 20 қараша күнін бүкіл әлем Дүниежүзілік балалар күні, олардың құқықтарын қорғау күні деп атап өтеді.

«Балалар – қоғамымыздың ең әлсіз және қорғансыз бөлігі және олар құқықсыз болуға тиіс емес. Елбасы ретінде мен әрбір сәбидің құқығы қорғалуын талап ететін боламын. Біздің топырағымызда туған кез келген сәби – қазақстандық, мемлекет оны қамқорлығына алуға тиіс», - деді өз сөзінде Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев. Осы мақсатпен 2005 жылғы 3 маусымда Қазақстан Республикасы соттарының IV съезінде алғаш рет Елбасымыз елде көмекетке толмағандардың істері жөнінде мамандандырылған соттар құру міндетін қойды. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес 2012 жылы республикада көмекетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар, атап айтқанда: №1 және №2 Алматы облысында, №1 және №2 Шығыс Қазақстан облысында, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарында құрылды.

Ювеналды соттар көптеген өркениетті елдерде қызмет атқарады, іс тәжірибеде олар өздерінің тиімділігін дәлелдеді, алдымен олар балалар құқықтарын қорғауға және баламен жасалатын қылмыстың алдын алуға мақсатталған. Себебі жеткіншектер өздерінің дамуында өзінің нақты қылықтарын ұғуға және оған оған толық жауап тартуына әлі қабілетсіз, жас мөлшеріне қарап оларды әлі қайта тәрбиелеуге болады.

Көмекетке толмағандармен құқық бұзушылар санатында ең кеңінен тараған – бұл жалпы бағытпен тұрақталмаған жас жеткіншектер, олар он және жағымсыз да қылықтарға тез еліктейді. Мәселен, көмекетке толмағандармен, негізінде топтап жүргендер арасында және оларға үлкендер қатысуымен немесе олардың әсерінен, көбіне ішімдік жағдайда, материалдық қиындықтармен, ата-аналары және педагогтар тарапынан қажет бақылаудың болмауынан, үйден тыс жерде шексіз болудан, кейбір ерік және психологиялық даму сияқты ақыл - парасаттық элементтерінің жас жеткіншек бойында болмауынан қылмыс жасалатынын атап өткен жөн.

Шығыс Қазақстан облысының №2 көмекетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының әкімшілік-аумақтық шекара шегі Абай, Аякөз, Бесқарағай, Бородулиха, Жарма, Көкпекті, Үржар аудандары, Курчатова және Семей қалалары болып белгіленген.

Балалар құқығы саласындағы отандық нормативтік қызмет негізіне «Балалар құқығы декларациясы» (1959 ж.), «Балалар құқығы жөніндегі БҰҰ конвенциясы» (1989 ж.), сондай-

ақ «Пекин Ережелері» (1995 ж.) деп аталатын «Көмекетке толмағандарға қатысты әділ сот жөнелтімі туралы БҰҰ-ның ең аз стандарттары», сонымен қатар 1990 жылы 14 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы және бас бостандығынан айырылған көмекетке толмағандарды қорғауға қатысты БҰҰ Ережелері қабылдаған «Көмекетке толмағандар қылмысының алдын алуға жетекші ұстанымдар» (1990 ж.) түрінде ұсынылған халықаралық құқықтық база тиек болды. Қазақстан Республикасымен ратификацияланған бала құқықтары туралы халықаралық құжаттарда баланың келесі құқықтары бекітілген: бала өмірге келе салысымен тіркеуге алынады және өзіне есім мен азаматтық алуға құқылы; әрбір бала өз отбасында, ата-анасынан бірге өмір сүруге құқылы; отбасында әкесі мен анасы өз алдына дербес өмір сүрумен, баланы ата-анасымен ажыратуға ешкім құқықты емес; бала мектепте кінәлі болғанда да оны ешкімнің ұрып жазалауға, кемсітіп қорлауға құқығы жоқ; бала тынығуға және мәдени демалуға; әрбір баланың ой-пікір, ар-ождан және дін еркіндігіне; бала өзі қалаған спорт түрімен шұғылдануға; денсаулығын сақтауға, емделуге құқылы; өз ойын еркін айтуға құқылы.

Шығыс Қазақстан облысының №2 көмекетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотымен 2012 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін баланың тұрғылықты жерін анықтау туралы жалпы 114 іс, ата-ананың баламен араласу тәртібін айқындау туралы – 65, баланың әкесін анықтау және одан алимент өндіру туралы – 46, бала асырап алу туралы – 417, оның ішінде шетелдік азаматтармен бала асырап алу туралы 8 іс қаралған. Аталған кезеңде неке-отбасы қатынастарынан туындайтын істерді қосқанда барлығы 1100 азаматтық іс аяқталған.

Сот көмекеттік жасқа толмаған балалардың өмірлік тәжірибесінің аздығын ескере отырып, олардың құқықтарын арнайы мамандардың көмегімен қорғайды. Сонымен қатар, сотта балаларға психологиялық көмек көрсететін арнайы бөлмелердің ашылғанын атап өткен жөн. Өйткені мамандандырылған сотта әр істі қарау барысында сот баланың құқықтары мен мүдделерін ескереді. Баланың эмоционалды жағдайын анықтау үшін сот психологы баламен сұхбаттасу жүргізіп, нұсқаулық ретінде қорытынды береді.

Көмекетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттармен БҰҰ-ның Балалар қоры – ЮНИСЕФ ұйымы арасында балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша сот төрелігі жүйесінің жетістіктерін және оны жетілдірудің жолдарын, сондай-ақ көмекетке толмаған балаларға қатысты істерді қараудың тәжірибесін талқылау бойынша өрітестік ынтымақтастық жүргізіледі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда балалар мен жасөспірімдер құқық бұзушылықтарының алдын алу жөніндегі қызметке көзқарас түбегейлі өзгерді: өскелең ұрпақты дамыту үшін жағдай жасалды, балалардың құқықтарын қорғау, олардың қадағалаусыз қалуының және құқық бұзушылықтарының алдын-алу жүйесі жұмыс істейді. Бірақ, оған қарамастан, балалар мен жасөспірімдер қылмыстылығы ахуалын талдау, алдын-алу саласында да, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөнінде де қосымша шаралар қолдану қажеттігін білдіреді.

Әр балаға жарқын болашақты қамтамасыз етуден артық игі міндет болуы мүмкін еместігін естен шығармағанымыз жөн.

Алтын АХМЕТОВА,
Шығыс Қазақстан облысының №2
көмекетке толмағандардың істері жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық сотының
кенес меңгерушісі

ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚЫЛМЫС

Қылмыс – бұл құқық бұзушылықтың бір түрі. Қылмыс басқа құқық бұзушылықтардан, оның қылмыстық заңмен белгіленетіндігімен және оны жасағанда қылмыстық жауапкершіліктің болуымен ерекшеленеді. Ал жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыс жасау бүгінгі қоғамның күн тәртібінен түспейтін түйткілді мәселе болып тұр. Қаршадай қылмыскерлердің қатарының көбеюі қазақ қоғамындағы санасы ояу жандардың барлығын қатты алаңдатып отыр. Қоғамды алаңдатып отырған бұл мәселе Құндызды жастарының назарынан тыс қалмады. Жастардың бос уақытын тиімді өткізуге арналған іс - шаралар жоспарына сәйкес кезекті кездесуде жастар өз ойларын бөлісе, жасөспірімдерді адамгершілікке, ұлтжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу, өздерінің ойлау, сөйлеу мәдениетін дамыту, қабілеттерін шыңдау мақсатында бас қосты. Кешті жастар ісі жөнінде бас маман жүргізді.

Кеш барысында «Жасөспірімдер арасындағы қылмыс» жайында бейнефильм көрсетілді. Ары қарай жастар бейнефильм желісі арқылы қойылған сұрақтарға әртарапты көзқарастарын білдірді. Атап айтқанда, «жасөспірімдерді қылмысқа итермелейтін не, қылмыстық істердің көбею себептері неде?» деген сұраққа ойларын отбасындағы ақау тәрбие, отбасындағы материалдық әл-ауқаты, баланың бос уақытының шамадан тыс мол болуы, ата-ана тарапынан бақылаусыз қалуы, мінез-құлқының ауытқушылығы, өз өміріндегі жағдайларға көңілі толмайтындар, рухани құлазуы, материалдық жағдайдан қиыншылық көрмей өскен ауқатты адамдардың балаларын шектен тыс еркіндікке жіберуі, интернеттің кері әсері, - деп жеткізді. «Тығырықтан шығар жол қайсы?» атты ситуациялық жағдайды ше-

шуде де жастар өте ұтымды пікірлерін білдірді. Яғни, жасөспірімдердің санасын ұлап жатқан арақ, есірткі, темекі, компьютер, түнгі клубтар, ойын автоматтары, маскүнем ата - ана. Бұның бәрі қылмысқа алып келеді. «Компьютерлік «құмарлыққа» заң жүзінде шектеу қою, заңды күшейту, жанұяда жақсы тәрбиені бойға сіңіру, қылмыстың қоғамдағы зияны мен адам тағдырын адастыратын іс екенін бала санасына жеткізу керек деді.

Кештің соңғы бөлімінде қорытынды шешімді ойларын жастардың әрқайсысы «Ұяда не көрсен ұшқанда соны ілерсін», «Баланды беске дейін ештеңеден тыйма, бестен он үшке дейін құлындай кина, он үштен ары сырласындай сыйла», «Жақсы бала сүйініш, жаман бала күйініш», «Біреуге ор қазба, өзін түссесін», «Қолымен істегенді, мойнымен көтер», «Тек жүрсен, тоқ жүресін», «Заңды сыйлаған, еркін жүреді» деген т.б. бір - бір мақал-мәтел арқылы жеткізді.

«Жанылмайтын жақ жоқ, сүрінбейтін тұяқ жоқ» дейді халық даналығы. Қылмыс жасағаны үшін жазаға тартқаннан гөрі оның алдын алған әлдеқайда жақсы. «Мен жігіт 15-30 арасында, Бұл шақта көп бересі, аласымда. Жан жағым толған мақсат, толған таңдау, Алайын анасын ба, мынасын ба», — деп арқалы ақын С.Торайғыров жырлағандай болашақта шалыс қадам баспай, тәрбиелі жасөспірімдердің өз өмірлеріне жауап беретін ата-анасының емес, бүкіл алаштың азаматтары болады деген сеніммен кешті аяқтадық.

Бақытжан СЫДЫҚОВА,
Құндызды ауылдық округі әкімі
аппаратының жастар ісі маманы

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көтеретін ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Бүгінгі таңда паракорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңына сәйкес сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір азаматтың борышы және бәрімізге ортақ міндет.

Рымкеш ДӘУЛЕТҚАЛИ
Қасқабұлақ ауылдық округінің бас маманы

ЕСКЕ АЛУДЫҢ ҚИЫНЫ - АЙ...



Қарауыл ауылының тұрғыны болған ардақты әке, немере, шөберелерінің сүйікті атасы асқар таудай әкеміз **Халмет Абылқасымұлының** дүниеден өткеніне бір жылдың жүзі болды. Әкемізді сағынышпен еске аламыз. Жатқан жерін жайлы, алдын пейіш, артың ырыс болсын.

Көз алдымнан көлбеңдеп бейнең асыл,
Жан дүнием болады ойран-асыр.
Сағыныштың салмағын көтере алмай,
Жан жүрегім жабығып ол да жатыр.

Жүрегімді қалайша жұбатамын,
Жұбатамын десем де жылатамын.
Сіз өмірде, жанымда жоқсыз әке,
Ал түсімде сізбенен кыр асамын.

Қыр дегенім - қызықтың басы болар,
Жақсылықпен күні ертен таным атар.
Жан әке, сағындым ғой, сағындым ғой,
Сағыныштың жасын кім жасыра алар.

Сағынып еске алушылар: балалары, немерелері, шөберелері
Марқұм әкеміздің рухына бағышталған бір жылдық асы желтоқсан айының 3-і күні «Атамекен» тойханасында сағат 11.00-де ерлерге, 14.00-де әйелдерге беріледі. Асқа барлық туған-туыс, құда-жекжат, ауылдастарды шақырамыз.

Көңіл айтады

Абай ауданы білім бөлімінің ұжымы осы мекеменің бас маманы Алтыбаев Нұрланға сүйікті әкесі

Рысбек Алтыбаевтың
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Қарауыл ауылының тұрғыны болған аяулы ана, асыл әже **Икенова Гүлзайра Төлұғалиқызының** арамыздан кеткеніне де 40 күн толды. Отбасымыздың ұйытқысы, панамыз болған анамызды сағына еске аламыз.

Саған аға табылар, маған да аға,
Манайында дос та көп, заман жаңа.
Бауырлар да табылар қарындас та,
Табылмайтын жалғыз-ақ анаң ғана.
Баласына бармағын батырмайтын,
Ғаламдағы қол жетпес асылдайсын.
Ардақты ана рухына, ей, адамзат,
Алыстаған кезінде жақындайсың.

Қырық күн қағып өтіпті қанаттарың,
Сағынады өзінді қарактарын!
Жаныңызды Жәннаттық қылсын, Алла!
Дұғамызды қабыл қып, Жаратқаным!
Сағынып еске алушылар: жолдасы Олжатай, балалары Талғат, Мұрат, келіндері Дана, Айнаш және немерелері

Марқұмның рухына бағышталған 40 күндік асы желтоқсан айының 3-і күні «Еңлік-Кебек» тойханасында сағат 13.00-де ерлер мен әйелдерге бірге беріледі. Асқа барлық туған-туыс, құда-жекжат, ауылдастарды шақырамыз.

САТЫЛАДЫ

Бір үйір жылқы сатылады. Абайда табында жүрген.
Байланыс телефоны: 87232-55-80-55
87776904765

Тың туынды

ШӘКІР КҮЙЛЕРІ-ЖИНАҚТА

Өнер сүйер көпшілік үшін жуырда жағымды жаңалық орын алды. Атап айтсақ, Астана қаласындағы Ұлттық музейінде әйгілі жерлесіміз Шәкір Әбеновтің күй мұрасына арналған тұңғыш туынды жарық көрді. Жинақты дайындаған және күйлерді нотаға түсірген «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, күй зерттеушісі Рүстем Нүркенов.

Аталмыш жинақ халық ақыны, карт шежіреші, Елбасына тұңғыш рет бата берген батагөй қария Шәкір Әбеновтің туғанына 115 жыл толуына орай әзірленіпті. Оған абыздың өз орындауындағы авторлық күйлерінің және өзге халық композиторларының ноталары да енгізілген. Жинақта барлығы 19 күй ұсынылыпты. Соның ішінде Семей қаласындағы Абай мұражайынан аудиозахбасы алынып, алғаш нотаға түсірілген 7 күй бар. Олар: «Аңсаған ару», «Биші», «Ертіс», «Сергелден», «Таңғы самал», «Еңлікке арнау күй» және «Қос келіншек» атты күйлер. Сондай-ақ, 1944 жылы Шәкір Әбеновтің орындауында Борис Ерзакович жазып алған 9 күй арнайы үш ішекті домбыраға лайықталып, қайта өңделіп беріліпті. Бұған қоса, жерлесіміз, талантты қыз, Шәкір абыздың шәкірті Нүргүл Әкімқожа жеткізген үш күй де аталмыш жинаққа қосылды.

Кітаптың алғы сөзін жазған Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, танымал өнер зерттеушісі Жарқын Шәкәрім: «Рүстем Нүркенов құрастырушылық жұмыстарынан да асып, музыкалық теориялық талғаммен жоғары кәсіби деңгейде дайындаған және үш ішекті домбыраның дамуы мен насихатталуына үлкен олжа салған құнды еңбек» деп жоғары баға бере келе, жинақтың екі құндылығын атап өтеді:

«Біріншіден: Шәкір Әбеновтың авторлық күйлерінің ноталық үлгілері кітап болып жарыққа шығып, музыка мәдениетіміздегі жаңалық ретінде халқымыздың көзайымына айналды. Екіншіден: Осы кітапта жарық көрген Шәкір Әбеновтың күйлерін орындау арқылы, үш ішекті домбырада орындаушылар, үш ішекті домбыраның алдағы дамуына жол ашады әрі үлес қоса алады» деп бағалы пікір айтыпты.

Шыны керек, өзімнің кіндік қаным тамған туған жерімнің, Құндыздының құнарлы құшағында тәлім алып өскен мен үшін де осы ауылдың абызы болған Шәкір атамның артында қалған мол мұраларын жас ұрпаққа насихаттау мақсатында жарыққа шыққан осынау рухани құндылық төбемді көкке жеткізгені рас. Сол үшін де көзіқарақты оқырманнан, киелі Абай


елінен сүйіншілей қолыма қалам алдым. Атамды өзім көзім көрді, әндерін де тындап өстім, 90 жылдық торқалы тойында сәби жүректен жыр арнағаным да есімде. Бүгінде ата ауылының ұрпақтары жыл сайын "Шәкір оқуларын" өз мәнінде жоғары деңгейде өткізіп те келеді. Елбасына тұңғыш рет бата берген абыз ақсақалдың өмірінен, шығармашылығынан сыр шертетін мұражай үйі де келушілерге айқара есігін ашып тұр. Сайып келгенде, бір өзі бір ғасырлық тарих болатын Шәкір абыздың есімі жас ұрпақ жадында мәңгі сақтала бермек. Осындай елдің даңқын арттырған аталарымыздың Сана, Арнұр сынды отын өшірмес ұрпақтары аман жүрсін деймін. Ал, Шәкір атамның күйлерін кітапқа енгізіп шығарған «Халық қазынасы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, күй зерттеушісі Рүстем Нүркенов бауырыма ел атынан зор ризашылығымды білдіремін.

Аталмыш еңбек үш ішекті домбыраны тартушыларға, зерттеушілерге, музыкалық оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына және күй сүйер жасалы көпшілік оқырман қауымға арналған. Айта кетер бір жайт, аталмыш жинақ арқылы Абай елінің кешегі абыз ақсақалының мұралары тың қырынан дәріптеліп, Шығыстау өңірінің ұлттық өнерге қосқан еселі үлесі айқындала түседі.

Анар СӨРСЕНБИНА,
«Абай елі»

Айтулы мереке

АУ, АҒАЙЫН, «АҚСҰҢҚАР»-ҒА 20 ЖЫЛ!!!



Атағынды, даңқынды ары апар,
Олар маған кара сумен пара-пар.
Қандай атак алды екен білмеймін
Жидебайда кешегі өткен кара шал.

Ақынның өлеңдеріне терең бойлаған сайын жақын тани түсесің. Жан сарайындағы адамға төн сезімнің бәрінен биік лирикалық күй, тәтті мұн, өмірдің күйінішіне бас имей тәрізді поэтикалық рух білінеді.

Поэзия әлемінде өзіндік өрнек салып, өнер аспанының көгіне қырандай қалықтап, өткір тілімен өр рухтан туған отты жырларын қаламмен ақ қағазға емес, халқының жүрегіне жазған таланттар санаулы десек соның бірегейі Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың лауреаты, Б.Алтынсарин атындағы төс белгінің иегері, М.Ибраев атындағы «Ақсұңқар» ақындар сыныбының жетекшісі, ұлағатты ұстазым, ақын - Төлеген Жанғалиев.

Өлең - күдірет. Жалпы талант атаулының барлығы да адамды тандап қонса керек. Төңірдің берген сыйы, ұлы күш. Қасіретті тағдырдан қасіретті өнер туады деген қасан қағида да жоқ емес. Кейде көп ішінде жалғызсыратып, жоқ ішінде аңсатып, қалың елдің мұңын арқалатып қоятын да осы күш.

Көрсетпейтін шындықтың жартысында,
Шымылдық бар қоғамның әр тұсында.
Шыр-пыр болып ақыры өледі ақын,
Шындық пен өтіріктің тартысында.

«Абай жаққан бір шырақ сөнбесін деп» елінің сөзін ұстап өлеңнің киесін ұшырмай қасіретті Қарауылда шырақшы болып отырған да осы кісі. Ұстаздың тәлімін алып, тәрбиесін көрген шәкірттің бірі мәнмін. Өмірі өнегеге, ғұмыры ғибратқа толы жанның алдында дәріс алып ақындық дейтін үлкен әлемнің есігін ашқан едім.

Ақындық борыш - азаматтық парызым деп біліп аудан идеялогиясын басқарып жүрген жерінен 1996 жылы «Ақсұңқар» ақындар сыныбын ашты. Бұл сынып емес кеменгер Абай мектебінің заңды жалғасы, руханияттың мөлдір бастауы десе де болғандай. Өулетінен сөз ұстаған текті атаның жалғасы Төлеген ақынның арыға бармай-ақ ағасы Мерғали Ибраевтың өзі сан қырлы талант иесі болғаны мәлім. 2002 жылы аталған сыныпқа көрнекті ақын, драматург, жазушы, композитор Мерғали Ибраев есімі берілді. Ауданда аз уақыттың ішінде әдеби орта қалыптастырып, бұл күнде күллі республикаға танымал шеберлік мектебіне айналды. Биыл рухани қарашанырағымызға айналған М.Ибраев атындағы «Ақсұңқар» ақындар сыныбына 20 жыл толып отыр. Аз уақыт емес, әрине. Ақынның жүрек үні шәкірттерімен-ақ шартарапқа жетіп жатыр.

Байболов Бақытжан, Жұмакүлбаева Жадыра, Сағадиев Ұлан, Байтөсов Нұржан, Имантаев Айдос, Құлбаева Әлия, Құндызбаева Еңлік, Алдажаров Мерей, Жақсылықов Жайдар, Ережепбаева Мадина, Қуат Айтқали, Еркежан Сейітқазы, Балнұр Манатбек, Айдана Дәуренқызы, Нұрқызы Мырзаханова, Зарина Сайлаубекова, Гүлім Ерболатова, Еркін Қуанышұлы, Марал Түгелжанова, Ділде Уәлибекова... т.б. Бұл «Ақсұңқар» ақындар сыныбынан түлеп ұшқан шәкірттердің бір парасы ғана.

«Білгенге маржан
Білмеске арзан» - деп Абай атамыз айтқандай «сөз қадірін - өз қадірім» деп біліп бағалайтын ұстаздың орыны біз үшін ерекше.

Аға жылап, жатқанда іні жылап,
Жылап алғым келеді бірігіп ап.
Айналамның барлығын тамұқ басса
Маған да керегі жоқ жылы жұмақ.

Оқырманға онға жуық жыр кітабын ұсынған ақынның әр жылдары жарық көрген кітаптарынан уақыт тынысын, сол кезеңге байланысты адам жаратылысының, ой-сезімінің қалай құбылып, өзгеріп отырғанын байқаймыз. Әрбір өлеңінде сезім шынайылығы мен жан дүниесінің терең

қатпары еркін сезіліп тұрады.

Асқақ ақындығын ұстаздықпен ұштастырып ұлтына қызмет етіп жатқан Төлеш ағаның әр ісі - үлгі, әр сөзі - ғибрат. Ақсұңқардың қанаты талмасын! Таланттарды тәрбиелейтін шеберлік мектебі әлі небір дүлдүлдерді шығарары сөзсіз...

Арман Шеризат

Ақсұңқар

«Ақсұңқар»-ға алаш білген жиырма жыл,
Тәуелсіз ел жетістігі бұл да бір,
Қарауылдан қанат қаққан қырандар,
Қалың елдің аспанында жүр қазір.

Қанып ішіп өлең дейтін тұнықты,
Ұлдар шықты, қыздар шықты қылықты.
Жыр Меккесі деп танитын бар ауыл,
Мерғалидың есімі бар сыныпты.

Шыңғыстауда шын өнерге қанғанмын,
Шежіресін тындап өстік шалдардың.
Ұрпақ түгіл ұлттың тұтас өлгені,
Ұлы Абайдың елі жырсыз қалған күн.

Әрбір сөзі қадалатын жебедей,
Төлеш ағам сөз ұстаған төбе би!
Жидебайда жатыр қарап қос алып
Қарсы жүзген ағысқа аппақ кемедей.

Барлығы да Төлеш ағам еңбегі,
Ерте оянып ұрпақ деді, ел деді...
Ұлылардың аманатын ап қалған,
Елшісіндей көрінеді жердегі.

«Ақсұңқар»-ға қалмас ешкім сұқтанбай,
Рухынды көкке өрлерет күш бардай?!
Жұдырықтай жүрегімен өз елін,
Ақындар да жырлап өтер құстардай.



“Абай елі”
Жауапкершілігі шектелі серіктестігі
Абай аудандық
қоғамдық-саяси апталық газет

Құрылтайшысы:
Абай ауданы әкімдігі
“Абай елі” ЖШС Директор - Бас
редактор Нұржан БАЙТУСОВ
Редакцияның мекен-жайы:
070100 Қарауыл ауылы,
Құнанбай көшесі, 12-үй.Тел/факс:
9-23-43
e-mail: abay_eli_1@mail.ru
www.abayeli.kz

Газет айына төрт рет шығады.

Редакция оқырман хаттарын
қайтармайды.
Автордың мақалалары редакция-
ның көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мен хабарландыру-
дың мазмұны мен мәтініне жар-
нама беруші жауапты.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 01. 07. 13 жылы тіркеліп, N 13720 - Г тіркеу куәлігі берілген.
Газет “Спектр” ЖШС баспа орталығында офсеттік тәсілмен басылып шығады. Мекен-жайы: Шугаев к-сі, 30.

Таралымы 2200 дана.
Тапсырыс №
2 Баспа табак.